Для системности использую **единые элементы на каждом уроке:**

- *экологическая минутка* (интересный факт или вопрос),
- *экозадача* (расчётная или качественная),
- *мини-рефлексия* («Чему научил меня этот урок в плане заботы о природе?»).

Для успешного усвоения материала важно не только давать учащимся задачи, но и систематически обучать их алгоритму решения, формируя при этом осознанное отношение к экологическим аспектам изучаемых процессов. Каждая задача должна восприниматься не просто как тренировка в расчётах, а как модель реальной экологической ситуации, требующая анализа, вывода и принятия ответственного решения

Таким образом, подходя к учебе комплексно и системно, учителя помогают формировать не только фундаментальные знания, но и ответственность за экологическую безопасность, что является важным аспектом подготовки будущих специалистов, осознающих свою роль в сохранении природы и устойчивом развитии общества.

БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ АҒАРТУДАҒЫ АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТ

РЕГИОНАЛЬНЫЙ КОМПОНЕНТ В ОБРАЗОВАНИИ И ПРОСВЕЩЕНИИ

ӘОЖ 373.3:908

**ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТІ ЕНГІЗУ
АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ
БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ**

Байболова Макпал Ерзатовна, бастауыш сынып мұғалімі Аягөз ауданы білім бөлімінің «С.Ғаббасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

Аймақтық компоненттің мақсаты-оқушының білімділік-біліктілік деңгейін арттыруда жетістіктерге қол жеткізу үшін қоршаған микроәлемде (кала,ауыл,аймақ) іс-тәжірибелік және рухани құндылықтарының дамуына ықпал етуге қолайлы жағдай тудыру .

Өскен өңірді зерттеу барысында алынған барлық білім,білік,дағдылар *аймақтық-өлкетану компоненті арқылы* іс жүзінде беки түсу керек. Аймақтық компонентті зерттеудің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

- оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыруды жетілдіру;
- оқушылар бойында туған өлкенің табиғи және мәдени мұрасына ұқыпты қарау,елжандылық сезімге тәрбиелеу;
- оқушыларды өлкетану және зерттеу жұмыстарына баулу;
- тарихи ескерткіштерді сақтау.

Осы мақсаттарға қол жеткізуді ұйымдастыру әуелі балалардың танымдық жас ерекшеліктеріне байланысты.Жұмыстың нәтижелі болуы ,оқушылардың рухани жетілуіне әсері аймақты тану жұмысын бірінші сыныптан бастағанда сезіледі.Аймақтық компонентті барлық сабақтарда қолданамын,көбінесе дүние тану пәнінде тұрып жатқан аймағымыздың экологиялық мәселелеріне қарап тақырыпқа сай тапсырмалар даярлаймын.»Өсімдіктердің алуантүрлілігі» тақырыбында бекіту кезеңінде мына тапсырманы қолданамын:*1.Мәтінді оқы.Ғалымның күнделігіндегі жазбада қай ескерткіш жайлы айтылып тұр.*

«Бұл ескерткіш тарихи ескерткішке жатады.Жоңғарлармен соғыс кезінде көптеген жауынгерлер Мамырсу өңірінде өз өмірлерін қиды.Бабаларымыздың арманы қазақ жерін тәуелсіз ету болды».Қазіргі

күні оқушылар осы ескерткішке барып тәу етеді.Бұл қай ескерткіш?(Қасабай батыр ескерткіші).

2. *Мәтінді оқы. Өз көзқарасыңды айт.*

«Торғайлардан ұят болады».

Айдана мен Жазира қаладағы ұлттық мемлекеттік табиғи баққа барып,аралап көрді.Біраз уақыт жаяу жүрген соң, жолдан шаршап,орындыққа отырып,екеуі түстене бастады.Сөмкелерінен жұмыртқа, нан мен құрт,кәмпит алып жей бастады.Тамақтанып бола бере олардың төңірегіне торғайлар ұшып келе бастады.Олар қозғалмай қарап отырды.Жерге түскен нанның қиқымын торғайлар шоқып жей бастады.Айдана тамақ қалдықтарын ,кәмпит орамасын отырған орындық астына тастай салды.Жазира жұмыртқа қабығын,нан қиқымын целлофанға салып,сөмкеге салып алды.

-Жазира,қоқысты сөмкеге неге салып алдың ?Ешкім көріп тұрған жоқ қой.Орындық астына тастай сал,-деді.

-Торғайлардан ұят болады,-деді ақырын Жазира.

3.Математика сабағында қоршаған ортаға жауапкершілігін арттыру мақсатында танымдық қызығушылығын жетілдіріп, табиғатқа аялы көзқарасты қалыптастыру үшін аймақтық компонентті қолдана отырып,қызықты есептер қолданамын.1.*Қар барысы –тамаша аңшы.Ол аңшылықта икемді арыстаннан кем соқпайды.Егер де қар барысының салмағы 40 кг болса,ал арыстанның салмағы 2 центнер екені белгілі болса,олардың массаларын салыстыр.*2.*1952 жылы Ертіс өзенінің бойында Өскемен ГЭС-і салынды, ал 1960жылы Бұқтырма ГЭС-і салынды.Екі ГЭС салыну аралықтары қанша?*Жауапты ай,күн,аптамен өрнекте.3.*Аякөз өзенінің ұзындығы 492 км.Ертіс өзенінің ұзындығы 1700 км.Ертіс өзені қаншалықты Аякөз өзенінен ұзын?*4.*Зайсан көлінің ауданы1800 км²,ал Марқакөл көлінің ауданы 455 км².осы Марқакөл көлінің ауданы көлдер ауданы бірге алғанда қаншаға тең? Зайсан көлінің ауданықанша км² Марқакөл көлінің ауданынан үлкен?*

Оқушылардың ой-өрісін,ойлау қабілетін ,сөздік қорын арттыру мақсатында «Аякөз-болашақ қаласы» тақырыбындағы жобаға арман-қиялдан туған ойларын жазып,қорғайды.Қаланы әсемдеу үшін өздері не істей алатындықтарын жазады.Аймақтық компонентті табиғатқа жорық барысында,экскурсияда және сыныптан тыс жұмыстарда да қолданамын.Сыныпты ата-аналардың көмегімен гүлдермен безендіру барысында оқушылар да күтіп-баптау жұмыстарына белсене араласады.Аймақтық компонентті ұтымды қолдану оқушылардың үлгеріміне де ықпалын тигізіп,сайыстарға қатысушылар саны да ақырындап арта бастады.Аймақтық компонентті бастауыш мектеп курсына енгізу оқушылар мен оқытушы үшін де маңызды мәселеболып табылады.Қазақстан қоғамының болашағы бүгінгі оқушылардың –болашақ өркендеп келе жатқан еліміздің

құрушыларының санасына сіңірілген білім,білік,дағды ,құндылықтар мен көзқарастарына тәуелді.Қазіргі әрекет үлкендердің өскелең ұрпаққа жалықпай жер байлығын үнемді қолдана білу ғана емес ,табиғи ресурстарды сақтап,көбейтудің де ролі жоғары екенін жеткізе білуінде.Түрлі сабақтар мен оның кезеңдерінде оқушылар тәрбиесінде аймақтық компонентті қолдану:

- патриот,азамат,тұлға тәрбиелеу;
- оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру;
- оқушылардың шығармашылық,дербес,зерттеу жұыстарына қатысуға түрткі болу;
- этнографиялық материалды нақтылау;
- табиғаттың жалпы заңдылығы туралы ауқымды түсінік беру мүкіндіктеріне ие болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дүниетану.Жалпы білім беретін мектептің 4 –сыныбына арналған оқулық.Б.Тұрмашева,С.Салиш,В.Пугач. -Алматы: Атамұра,2019.

ӘОЖ 008-908

ҰЛТТЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ-Өңір Тұлғасының Ұлттық тағылымында

Заманбекова Жумагайша Айтмухаметовна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Аякөз ауданы Мамырсу ауылы «С.Ғаббасов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ.

Мақалада қазіргі кезеңде бірден-бір қажетті адамгершілік пен білім негізін қалаған өлке ұлыларының еңбегін оқушыларға жеткізу жолдары баяндалады. Елдің елдігін,қазақтық қалпымызды сақтап қалуда тарих негізін қалап кеткен азаматтардың есімін,еңбегін рухани қазына ретінде ұғындыру қажеттілігін сезіндіре білу. Табиғаттың әсем әлеміне жол ашуға,адам өзінің сол табиғат бөлшегі екенін сезінетін деңгейге жеткізіп,үндестікте өмір сүруге баулу-әр педагогтың міндеті әрі парызы. Өмір сүріп жатқан ортасындағы келеңсіздіктер,қатыгездік пен түрлі қиындықтар адамның немқұрайдылық,өзімшілдік сияқты жаман қасиеттерінің дамуына жол ашады. Бұлардың барлығы экологиялық сауатсыздыққа әкеп тірейді.Жас буынға аманат етіп қалдыру керекті Жер-Ананы күтіп-баптап,жалындаған жас ұрпаққа жаңа ой негізін қалдыру сезімталдықпен экологиялық даярланған тұлғаны тәрбиелеу-біздің еншімізде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласында жас ғалымдармен кездесуде сөйлеген сөзінде: «Биыл елімізде «Таза

Қазақстан» акциясы басталды. Бұл – жай науқан емес, бұл – халқымыздың көзқарасын, болмысын өзгерте алатын өте маңызды жоба. Ауқымды экологиялық бастамаға, әсіресе, жастар белсене атсалысты. Бұл да – жақсы үрдіс. Аз уақыт ішінде 2,5 миллионнан астам ағаш егілді, 200-ден астам өзен-көлдің жағасы тазартылды. Осы бастама тұрақты жалғасып, жақсы дәстүрге айналуы қажет. Бұл акция тал егіп, қоқыс жинаумен шектелмеуге тиіс. Жалпы, «Таза Қазақстан» деген сөзді кең ауқымда түсінген жөн деп санаймын. Тазалық ең әуелі адамның сана-сезімінен басталуға тиіс. Пейілі таза адамның ісі берекелі болады. Біз қазір ұлт сапасын жақсартуға баса мән беріп отырмыз» [1]. Ендеше, балалар жадында жақсы сақталатын, эмоциялық әсердің жарқын қалыптасу шағында табиғат үшін дереу көмекке келетін әрекеттерге бейімділік сабақта басталады. Осы тұрғыда 9 сыныпта «Атадан қалған асыл сөз « тарауында «Шешендік өнер» тақырыбында жас ұрпақты өскен өлкесінің қадірін білуде сол мекендегі тарихи тұлғалардың өмірінің өнегелі тұстарымен таныстырып, ол жайында тереңірек білуге жетелеймін. Ұлттық мәдениеттің дамуына, оқушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіруге арналған жұмыстарды орындау біртіндеп аймақты тануға мүмкіндік береді. Аяқөз өңірінің шерлі шежіресі-рухани тоқырау тәрік қылған қазақ тарихының бір көмбесі [2]. Саясаттың шолақ атына біреу ер салып, біреу жайдақ мініп, итіндеп, ирек қамшылаған заманда «жаным-арымның садағасы»–деп «жаңа» тарихтан жырақ қалған бұл жұртта талай жақсы мен жайсаңның ізі мен сөзі жатыр. Есімі архив деректерінде қалып, өлең-жырлары ел жүрегінде сақталып, көзі тірісінде тас қамаудан, көз жұмғаннан кейін рухани тоқыраудың тіс қамауынан шыға алмаған ардақты ақындардың бірі-Тобағұл Мұсабайұлы. Тобағұл 1871 жылы қаңтар айында Семей облысы Таскескен ауданы «Овцевод» совхозында дүниеге келді. Әкесі Мұсабайды Құлжабайдың тоғыз ұлының кенжесі болғандықтан ағайындары Кенже деп те атайды екен. Мұсабай екі әйел алған. Кіші әйелден Тобағұл, Бодағұл, Қалиақпар, Әділбек. және үш қыз туған .

Арғы атам Қаракерей ұрандаймын,

Халқыма мұңымды айтпай тұра алмаймын.

Жатсамдағы түрмеде мүсәпір боп,

Сөзімді тура келген бұра алмаймын.

Боқ шоқып өңшең қарға шуылдаса,

Ойым кетіп қиырға шығындаймын.

Тобағұл елге ең алдымен батырлығымен танылған. Тобағұлдың төл туындыларына үңілер болсақ, жас кезінде жоқшылық, тапшылық көрмей өскен тәрізді.

Қапысы көп жалған-ай,

Құбыласың сен қалай?

Құтылар амал болай тұр,

*Кең дүние тарылып,
Жеті атамнан бері қарай,
Көрмеп едім тарығып...*

Оны тарих сахнасына алып шыққан 1906 жылдың 11-қаңтарында Жетісу губерниясы Лепсі оязы Арғанаты болысында болған атышулы оқиға еді.1902 жылы Арғанаты елінің болысы болып сайланған Мұхаметқали Бейсембин ата дәстүріне лайық емес іс-әрекеттерімен қарамағындағы елді өзіне қарсы қояды.Ауылдағы әдепсіз қылықтар көрсеткен болыстың тірегі Сергиопольдағы қандыбалақ қазақ-орыс тары еді.Қарудың күшіне сенген болыс ел ішінде қазақ-орыс әскерінсіз жүруден қалады.

«Ұстастық әуелінде араз болып,

Қыстастық қыласың деп елді қырып»,-деп Тобағұл өлеңінде шындық жатыр.Әртүрлі алым-салықтың көбеюі,патша әкімдерінің озбырлық әрекеті қалың бұқара мен болыстың арасындағы шиеленісті ушықтыра түседі.Көтеріліс басшылығына көпшілік Тобағұлды ұйғарды.Қара қойды құрбандыққа шалып,қанына қол батырып анттасқандар көтеріліс ұранын белгілейді.Ол ұран-«Аттан,бауырым!»Мылтық,айбалтамен,найзамен қаруланған екі жүзден астам адам әр ауылдан андыздай шапқан.Ашынған елдің қолынан қаза тапқан болыс Мұхаметқали Бейсембин кім?

Аякөз өңірінің арманды ақыны Тәукебай Исабекұлының «Зар толғауында» мынадай жолдар бар:

*Тобағұл заманында болған адам,
Дыбысы жер-жиһанды жарған адам.
Бөрідей елге шауып Мұхаметқали,
Кісісі қалмап еді қорламаған.
Қасына ертіп жүріп қазақ-орыс,
Әйел жоқ масқаралап,зорламаған.
Болыстың елге салмақ болды ылаңы,
Жиылып Тобағұлға бәрі барды.
Тобағұл ақын еді әрі батыр,
Басқадан асып тұрған аруағы.
Бейсембин мен әскерін қазақ-орыс
Талтүсте Жұзағашта шауып алды.*

Лепсі түрмесіне қамалған 30 адамның бесеуі-Тобағұл Мұсабайұлы(35 жаста),Бәзбен Алашбайұлы(45 жаста),Беркімбай Қалдыбайұлы (32жаста),Бопина Қазанғапұлы(41жаста),Қазанғап Сыбанұлы (67жаста) Верный округтің сотының 1908 жылғы 26-қаңтар күнгі үкімі бойынша 10жылға қаторғалық жұмысқа кесіледі.Тобағұл Мұсабайұлының ел ішіне өте кең тараған туындылары-Саратов түрмесінде,кейінірек Иркутск губерниясы ,Благовещенск уезінде қаторғада жүріп жазған өлең-

хаттары.Тобағұл әкеміздің Сібірден жолдаған өлең-хаттарын бүкіл ел болып асыға күтіп,қолдан-қолға тигізбей көшіріп алатын.

*Таң атып,есе-теңдік тисе бізге,
Кемдік жоқ,әлі-ақ бір күні теңеледі.
Әлі де келешектен үмітім бар,
Рахат жоқ михнат көрмей деген еді.*

Жетісу облысын дүр сілкіндірген Арғанаты болысындағы көтеріліс туралы қысқаша мәлімет осылай берілген.»Сонымен бір мезгілде еңбекші қазақтардың байларға және жергілікті патша әкімшілігіне қарсы қимылдары басталды.

*Елі үшін Сібір ауып,запа шекті,
Он жылы қайран ердің қапаста өтті.
Сүйретіп темір кісен,бәйіт жазып,
Жайылып атақ-даңқы алаш кетті.
Айдаудан арып-аршып,аңсап келген,*

Сол елі Тобағұлға не көрсетті?!-деген шумақ ақын тағдырындағы бір түйткілден хабар береді.Аякөз аймағындағы жазалау шекараларының ерекше қаһарлы болғандығына басты себеп-«Торы ала атты Алаш полкі» осы өлкеде құрылған-ды.

Аякөз,Үржар,Мақаншы аудандары 1938 жылға дейін Алматы облысының құрамында болып келді.Тағдыр 1938жылы Тобағұлды Ораз Қиқымұлы Жандосовпен кездестіріпті.

Үзеңгі жолдасынды ерден сайла,

Өкініп жүрмес үшін Тобағұлдай,-деп көңілі босап қоштасты. Тобағұл Мұсабайұлының «Сібірден жазылған өлең-хаттары»-XX ғасырдың басындағы қазақ поэзиясының күрескерлік сипатын танытатындай құбылыс.Қазақ сахарасына қолжазба күйінде тараған бұл туындылардың көркемдік қуатын айтпағанның өзінде тарихи құндылығы қандай десеңізші! Елуінші жылдары қалың оқырманын елең еткізген Мұса Жәлелдің « Моабит дәптерінің « бақытты тағдырымен «Сібірден жазылған өлең-хаттар» бақ таластырып қайтсін,бірақ Тобағұл өлеңдері тақырып сонылылығымен де қымбат.Кез келген ақын- рухани жағынан тамырлас,өзіндік таным-талғамы қалыптасқан қоғамдық ортаның өкілі.Тобағұл Мұсабайұлының мұрасын кейінгі ұрпағына жеткізуші Тәукебайдың «Зар толғауы» -ұмытылған емес,солақай саясаттың тізеге салуымен «ұмыттырылған» ақындардың өксіген рухымен үндесіп жатыр.Қазақстан егеменді ел болғаннан кейін,тұтасқан сең бұзылып,адасқан сөз түзеле бастады. Абай елі қазақ поэзиясының, мәдениетінің, қазақ дүниетанымы мен рухының қасиетті мекеніне айналды. Бостандық пен еркіндік рухын паш еткен қазақ поэзиясындағы ұлы ақындардың аялы бесігі – Шыңғыстау Абайдай данасы арқылы қазақ ұлтының ар-намысының асқар биігі болып қалды. Өз заманының халық

үшін қам жеген озық ойлы тұлғасы Тобағұл Мұсабайұлы Қазақстанның Орталық Мемлекеттік архивіндегі екі томдық сот ісінің қағаздарында Тобағұл тергеу құжаттарына «Мұсабаевъ» деп қол қойған. Көзі қарақты, сауатты аданың қолтаңбасы анық, жазған қаріптерінің қалыбы көркем. Абай идеяларының әсерімен рухтанып, әсіресе оның мәңгілікке, өмірдің мәнін іздеуге құрылған, адам қасиетінің биіктеуіне бағытталған ой-толғамдарына ерекше үніледі. Ақынның «Түрмеде», «Қоштасу» өлеңдерінен өзі өмір сүрген заманның ой-пиғылына сай қоғам тынысын, жаратушыны тану, халқын сүю, адамды түзетпек ойларын, жеке адам мінез-құлқын, адам баласының асқақ сезімдерін т.б сезінуге болады. Ол ғұмыр бойына адамдық идеяларын ұсынды [3].

Аякөз өңіріндегі бір Байғараның кіндігінен тарайтын он жеті ақын өлкені ұлттық ауқымда бағалап, жырын жырлап, мұңын мұңдаған. Осы өңірге осыдан отыз жыл бұрын Қазмудың тіл-әдебиет факультетінің студенттері ғылыми экспедицияға шығып 12 әдеби мұраның көзін тапқан еді. Аякөз өңірінің қоғамдық-әдеби тарихи мұрасын жүйелі түрде зерттеу профессор Тұрсынбек Кәкішевтің жетекшілігімен басталды. Әлі де ашылар үлкен жаңалықтармен толығып, өлкесүйер қауымды аймақ тұлғаларының еңбектері жайлы мәліметтермен қуантары сөзсіз. Оқушылардың өскен өңіріндегі ғалымдар, ақын-жазушылардың есімдерін біліп, еңбектерін оқып, нәрімен сусындап, өмірде қолдана білу де маңызды. Осы еңбектер арқылы ата-бабасының өмір сүрген дәуіріндегі қазақтың біртуар ұл-қыздары жайлы оқып-біліп, елін алдыға сүйреген патриоттар есімін жадына тоқу да абзал. Өз елінің арманы еркіндік болса, еркін елде қалаған арманына қол жеткізіп, арнасын тауып, кірпіш болып қалануды көздеген жастарға ой салдырар ізденіске жол ашары сөзсіз. Бұл еңбектер қоғамды жылжытудағы ұланғайыр күш болып табылады. Ұлттық құндылықтар- Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Тобағұл Мұсабайұлы сынды ұлы тұлғалардың таусылмас қазынасы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.

1. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласында жас ғалымдармен кездесуде сөйлеген сөзі» 31.05.2024.
2. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық./А.С.Ақтанова, А.Қ.Жүндібаева, Л.К.Жұмекенова.- Алматы: Атамұра, 2019
3. «Аякөз» тарихи-мәдени қоғамы. Шығарушылар алқасы: Арғынкелді А.; Бактыбай О.; Кәкішев Т.; Құлахмет Ғ.; Шортанбай Ш.; Төлеубай Ә. Тобағұл Мұсабайұлы. Сібірден жазылған өлең-хаттар.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РАЗВИТИИ РЕЧИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ЧЕРЕЗ ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ

Калиева Айнагуль Абаевна, воспитатель, КГКП «Детский сад – ясли № 45 «Болашақ» отдела образования по городу Усть – Каменогорску управления образования ВКО, город Усть – Каменогорск

Аннотация: В статье рассматриваются возможности использования инновационных педагогических технологий в развитии речи детей дошкольного возраста через экологическое воспитание. Раскрывается значение экологического образования в формировании речевой активности, коммуникативных навыков и экологической культуры дошкольников. Представлены практические методы и приёмы работы с детьми: игровые технологии, мнемотехника, синквейн, сказкотерапия, ТРИЗ-технологии, кейс-метод и использование информационно-коммуникационных технологий. Описывается педагогический опыт применения данных методов, способствующих развитию связной речи, мышления и эмоционально-ценностного отношения к природе.

Ключевые слова: экологическое воспитание, развитие речи, дошкольный возраст, инновационные технологии, игровые методы обучения, ТРИЗ-технологии, мнемотехника, экологическая культура.

*«Рыбе – вода, птице – воздух,
зверю – лес, степи, горы.
А человеку нужна Родина.
И охранять природу –
значит охранять Родину».*
Михаил Пришвин

Одним из эффективных направлений данной работы является **экологическое воспитание**, которое не только формирует у детей бережное отношение к природе, но и способствует активному развитию речи.

Актуальность

Развитие речи детей дошкольного возраста является одной из ключевых задач современного дошкольного образования. В соответствии с требованиями Государственного общеобязательного стандарта дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан

большое внимание уделяется формированию коммуникативных навыков, развитию связной речи и познавательной активности детей.

Экологические знания, экологическое сознание и экологическое поведение являются важными составляющими экологической культуры человека. Формирование данной культуры должно начинаться с раннего детства.

Цель работы — Развитие речи детей дошкольного возраста посредством использования инновационных технологий в процессе экологического воспитания.

Для достижения данной цели были поставлены следующие **задачи**:

1. Формировать у детей представления о природе и экологической культуре.
2. Развивать словарный запас и связную речь дошкольников.
3. Активизировать речевую деятельность через игровые и интерактивные методы.
4. Развивать логическое и критическое мышление детей.
5. Воспитывать бережное отношение к природе и окружающей среде.

Методы работы

В своей педагогической деятельности я использую различные инновационные методы и технологии, способствующие развитию речи детей через экологическое воспитание. Знакомство детей с окружающим миром начинается с простых и понятных примеров из их повседневной жизни. Рассказы о животных, растениях и природных явлениях помогают детям лучше понимать окружающий мир, расширяют словарный запас и развивают умение выражать свои мысли.

Интерактивные и игровые подходы делают процесс обучения более увлекательным.

Экологические игры, такие как *«Кто где живет?»*, *«Что нужно растению для жизни?»* отлично привлекают внимание детей и способствуют развитию их речевых навыков. В таких играх дети учатся задавать вопросы, обсуждать и аргументировать свои ответы, что непосредственно влияет на их речевую активность (начиная с младших, средних групп)

Чтение экологических рассказов, стихотворений и сказок также положительно сказывается на развитии речи дошкольников. Обсуждение прочитанного, создание собственных историй на основе услышанного помогают детям выражать свои мысли, формулировать предложения и расширять словарный запас. Проводите беседы о том, как можно заботиться о природе, что такое экосистема, и какую роль в ней играют различные организмы.

Связь с природой и активное участие в экологических мероприятиях (например, уборка территории, посадка деревьев) активизирует эмоции и чувства детей. Это, в свою очередь, способствует развитию речи, так как дети начинают делиться своими эмоциями, впечатлениями и открытиями с другими, что обогащает их речевой опыт. Интересным в работе с детьми является такой игровой приём, как получение *писем-жалоб* от жителей живого уголка, жителей леса, сада, огорода. Дети обсуждают содержание письма и предлагают способы помощи природе.

Игра *«Узнай по объявлениям»* знакомит с особенностями животных и птиц (внешний вид, поведение, среда обитания), развивает логическое мышление. Дети внимательно слушают объявление, и отгадывают о ком идёт речь (животное или птица). Не менее важным аспектом является *роль родителей* в процессе эколого-ориентированного образования. Взаимодействие с семьей и вовлечение родителей в образовательный процесс могут значительно усилить эффект от экологического воспитания и способствовать формированию у детей устойчивых экологических ценностей.

Инновационные методы и технологии

1.Синквейн: Составление пятистрочных стихотворений без рифмы на экологические темы (например, «Дерево», «Река»), что помогает обобщить знания о природе и развить логическое мышление.

Правила составления синквейна:

Первая строка – состоит она из одного слова – одно существительное.

Вторая строка – два прилагательных, которые раскрывают данную тему.

Третья строка – три глагола, описывающих действия, относящиеся к теме.

Четвёртая строка – фраза, в которой человек высказывает своё отношение к теме.

Дерево — Зеленое, высокое. Растет, дышит, защищает. Дарит кислород и жизнь.

2.Мнемотехника и моделирование: Использование мнемотаблиц и схем для составления рассказов о природных явлениях, животных или экологических правилах («Правила поведения в лесу»).

3.Экологический микрофон: Метод, где дети передают друг другу микрофон, высказывая свои мысли, чувства и предположения о природе, что активизирует даже молчаливых детей.

4.ИКТ-технологии: Создание мультимедийных презентаций, видеофильмов о природе, виртуальные экскурсии, способствующие визуализации экологических процессов.

5.Сказкотерапия: Сочинение экологических сказок, где дети выступают в роли авторов или персонажей, спасающих природу, что развивает связную речь и эмоциональную отзывчивость.

6.ТРИЗ-технологии (Теория решения изобретательских задач): Решение экологических ситуаций («Что будет, если исчезнет вода?») для развития критического мышления и речи.

Эти подходы преобразуют пассивное усвоение знаний в активную речевую деятельность, формируя экологическую культуру и культуру речи дошкольника.

7.Кейс - технология — это разбор ситуации или конкретного случая, деловая игра. Главное ее предназначение – развивать способность анализировать различные проблемы и находить их решение, а также умение работать с информацией. Например, *кейс-фото или кейс-иллюстрация* «Правильно ли ведет себя ребенок в природе?»

8.Метод экологической идентификации - отождествление себя с каким-либо природным объектом или явлением, *игровой прием «превращения»* в образы животных, растений, действия от их имени. Побывав в роли какого-либо предмета или объекта природы, ребенок начинает относиться к нему с уважением. Например, обыгрывание ситуации «Я- цветок...», «Я -сломанная ветка...», «Я- муравей...», «Я- ручей» помогает ребенку понять, что растение – живое существо, оно страдает, когда ему больно.

Все эти методы и приемы помогают развивать познавательные, коммуникативные, художественно-эстетические умения дошкольников, способствует формированию экологических представлений, развивать умение рассуждать, анализировать, делать выводы.


Динамика развития навыков детей в старшем дошкольном возрасте

Результаты работы

Проведённая диагностика показала положительную динамику развития коммуникативных и социально-эмоциональных навыков детей

Таблица № 1

Навыки	Начало года	Конец года
Коммуникативные	35%	95%
Социально-эмоциональные	40%	97%



Полученные результаты свидетельствуют о высокой эффективности применения инновационных методов в экологическом воспитании дошкольников.

Заключение

Использование инновационных педагогических технологий в экологическом воспитании способствует не только развитию речи детей дошкольного возраста, но и формированию экологической культуры, познавательного интереса и ответственного отношения к окружающему миру. Игровые и интерактивные методы делают обучение более увлекательным и эффективным, а вовлечение родителей усиливает результативность работы.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Ушакова О.С. Развитие речи детей дошкольного возраста – М.: ТЦ Сфера, 2018.
2. Виноградова Н.Ф. Экологическое воспитание дошкольников – М.: Просвещение, 2016.
3. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан.
4. Методические рекомендации по организации экологического воспитания в дошкольных организациях.
5. Интернет-ресурсы по экологическому образованию дошкольников.

АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТІ ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ

Керімтаев Сырым Серікжанұлы, Аякөз қаласы «№1 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ информатика пәні мұғалімі

Аңдатпа. Жас ұрпақтың қоршаған ортаны қорғау, өңір ресурстарын ұтымды қолдану жайлы түсініктерін арттыру қағидалары туралы баяндалады.

Қазақстан Республикасы өзінің дербестігі мен тәуелсіздігіне ие болған уақыттан бастап даму барысында ресурстық, ғылыми-ақпараттық, рухани жетілудің жоғары деңгейіне көтерілді. Ел өміріндегі өзгерістер Қазақстанның интеллектуалды потенциалын нығайту арқылы әлемдік экономикалық кеңістіктен табылатындай деңгейге жеткізу қажеттігі сезіліп тұр. Ғылымның даму қарқыны жоғары болғанда басқа елдермен бәсекеге түсе алатындай етіп, жас ұрпақты жаңа жағдайға бейімдеп, рухани дербестікті сақтау және дамыту негізінде қоғамға пайда әкелетіндей білім беруді тілді сақтаумен қатар отандық, әлемдік мәдениет жауһарларына тарту керектігі ауадай қажет. Елдің көркеюіне маман жұмысшымен бірге талантты ғалымдар да қажет. Әрқайсысын жете ойланып жүзеге асырмаса қоғамның өндіргіш күші- ғылымды алдыға жылжытпай, қоғамды алға жылжыту туралы мүмкін еместігін әркім байқайды. Сол себепті, елдің басты интеллектуалды потенциалы- негізгі байлық болып табылады. Осы өзгерістер көкейкесті мәселе-экологиялық мәселеге әкеп соғады. Себебі, ғылыми-техникалық, әлеуметтік өзгерістер қоршаған орта заңдылықтарымен санаспау салдарынан келіп туындайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «*Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу*» атты Қазақстан халқына Жолдауында » Әлем экономикасында теңсіздіктер мен қайшылықтар ушыға түсті. Кейбір мемлекеттер экономикалық дамуда артта қалып, кейбір елдер жасанды интеллект саласында теңдессіз табысқа жетуде. Экологиялық және техногендік апаттардың кесірінен түрлі елдердің экономикасы орасан шығынға батуда. Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет», - деді. Сол себепті білім беру жүйесінде аса өзекті мәселелердің бірі –экологиялық білім мен тәрбие беруде, информатика сабағында Аякөз өлкесіндегі өңір ерекшелігін ескеру қажеттілігі сезіледі. Табиғаттың төл туындысы-адам табиғат заңдылықтарына бағынып та, кері әсер етіп те

келеді.Адам өзінің табиғаттағы орнын біле отыра,оны тоздырып та жіберетін санасыз әрекеттер жетегінде де кетіп жатады.Оның іс-әрекеті қоршаған ортамен тығыз байланыста екенін біле отыра,ықпал етуінің салдары тыныс алатын,өмір сүріп отырған ортаны бүлдіруде:зауыт-фабрикалардың түрлі зиянды газдар бөлуі,көршілес Ақтоғай мыс өндіру комбинатының атмосфераны ластауы адамның өзі еккен тоғайлары мен гүлді алқаптары сияқты игіліктерінің бүлінуіне әкелуде.Осы тұрғыда зауыт қалдықтарын арнайы газұстағыштармен,қалдықтарды пайдалы заттарға айналдыратын кешенді жұмыс істеуді талап ететін қосымша құрылғылар топтамасын орнатып,жүзеге асыру керек деген талаптар жайлы сөз қозғау талап етіледі.Елбасы Жолдауында айтылғандай,білім беру саласы мен жеке тұлғаны дамытуға бағыттау,оқыту мазмұнының құрылымына басқаша карауды сұрап отыр.Информатика пәнінен оқушыларда өзінің туған жерін,өскен өлкесінің ерекшеліктерін танып,зерттеп,бақылап,білімдерін толықтыруда,қызығушылықтарын арттыруда аймақтық білім берудің маңызы зор.Осы тұрғыда 5 сыныптарда «Компьютерлік графика» бөлімінде «Менің қалам-Аягөзім»,»Менің қаламның болашағы»,»Өлке өзгерісі-менің өзгерісім» тақырыптарында шығармашылық жұмыстар жасап,қиялдарына ерік беріп,компьютерде орындайды.Баланың қиялына қанат бітіретін,ой салатын көркем музыка әуені барысында оқушы ізденіп,жеке бастың рухани байлығын көрсетіп,ашылуына себепші болады.Табиғат әлемімен оңаша сырласқан кейіпте болатын оқушы санасы табиғаттың бірлігі және карама-қарсылығы атты диалектика заңының бір ұстанымына негізделеді.Қиял арқылы өскен өңірдің ауқымды мәселесіне бойұсына отырып,оларды ашу ұстанымдарына теориялық көз жүгірткен ойларының практикада шешілу қырларына бару жолдарын бейнелейді.Экологиялық мәселемен қатар эстетикалық тәрбие беріліп,жан-тәнімен әдемілік пен парасаттылықты қалаған жанының ләззатын табатын жақтары көрініс береді.»Алдында толған мақсат,толған таңдау» деген Сұлтанмахмұт Торайғыров ақын айтқандай түрлі бағыттар мен жоспарлар арқылы өз беттерімен ізденіс жасап,сапалы ой нәтижесі-сапалы жұмысқа жетелейді.Аймақтық компоненттерді қолдану арқылы экологиялық санасын қалыптастырып,танымдық белсенділігін арттырады.

Аймақтық компоненттерді пайдалану арқылы:

-Оқушылардың табиғат сұлулығын сезініп,әдемілікке баулу,экологиялық мәдениеттілікке тәрбиелеу;

-Оқушылар бойында «Сен- маған,мен -саған» атты әдептілік әліппесіне негізделген өмірлік көзқарас қалыптастыру;

-Келешек ғұмырларына жаратылыстың тылсым сырларын игеретіндей экологиялық білімнің негізін қалыптастыру;

-Экологиялық тәрбие құндылықтарын насихаттауға қол жеткізуге болады.

Бүгінгі қоғамдағы өткір мәселені жергілікті жерден бастау керектігін өмір өзі үйретіп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың *Қазақстан халқына Жолдауы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу»* 08. 09.2025.
2. Информатика .Жалпы білім беретін орта мектептің 5-сынып оқушыларына арналған оқулық.Алматы Кітап баспасы 2020.

УДК 159.923:502.1-05

ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ПСИХОЛОГИЯ: ФОРМИРОВАНИЕ ОТВЕТСТВЕННОГО ОТНОШЕНИЯ К ПРИРОДЕ ЧЕРЕЗ РАЗВИТИЕ ЦЕННОСТЕЙ ЛИЧНОСТИ

Мамирбекова Аяулым Бейбітқызы, заведующая методико-психологическим отделом, педагог дополнительного образования КГКП «Учебно-исследовательский экобиоцентра», отдела образования по г. Усть-Каменогорску Управления Образования Восточно-Казахстанской области.

Аннотация

В статье рассматриваются психологические механизмы формирования ответственного отношения к природе в контексте экологической психологии. Особое внимание уделяется роли ценностей личности как основы перехода от антропоцентрического к экоцентрическому типу экологического сознания. Анализируются теоретические модели (в частности, теория ценностей-убеждений-норм), возрастные особенности и психолого-педагогические условия эффективного экологического воспитания. Предлагаются практические рекомендации для учреждений дополнительного образования, включая опыт работы Учебно-исследовательского экобиоцентра г. Усть-Каменогорска.

Ключевые слова: экологическая психология, экологическое сознание, ценности личности, ответственное отношение к природе, экологическое воспитание, экоцентризм.

Современный экологический кризис требует не только технологических решений, но и глубокой трансформации сознания человека. Экологическая психология как междисциплинарная отрасль изучает закономерности

взаимодействия личности с природной и социальной средой, а также психологические факторы, определяющие про-экологическое поведение.

Одним из центральных направлений является формирование ответственного отношения к природе — интегративного качества личности, которое проявляется в осознанном соблюдении норм природопользования, эмоциональной отзывчивости и активной природоохранной деятельности. Ключевым механизмом здесь выступает развитие ценностей личности, поскольку именно ценностная сфера определяет мотивацию и устойчивость экологического поведения.

В условиях Восточно-Казахстанской области, богатой уникальными природными комплексами (Алтай, Иртыш, лесные и степные экосистемы), работа по экологическому воспитанию приобретает особую актуальность. Учебно-исследовательский экобиоцентр г. Усть-Каменогорска как центр непрерывного экологического образования играет ведущую роль в реализации этих задач.

Экологическое сознание понимается как система представлений, убеждений и отношений человека к природе, включающая когнитивный, эмоционально-ценностный и поведенческий компоненты. Оно является показателем нравственной зрелости личности и состоит из трех взаимосвязанных отношений: к природе, к себе и к другим людям.

В экологической психологии выделяют два основных типа сознания:

- Антропоцентрический (природа как ресурс для человека);
- Экоцентрический (природа как самоценность, равноправный субъект взаимодействия).

Переход ко второму типу возможен через развитие биосферных (экоцентрических) и альтруистических ценностей, которые противопоставляются эгоистическим и гедонистическим.

Одной из наиболее влиятельных моделей объяснения про-экологического поведения является теория ценностей-убеждений-норм (Value-Belief-Norm — VBN) П. Стерна. Согласно ей, цепочка формирования поведения выглядит следующим образом:

Ценности (биосферные/альтруистические) → общие экологические убеждения (New Environmental Paradigm) → осознание последствий своих действий → приписывание личной ответственности → активация личных норм (моральный долг) → ответственное поведение.

Эмпирические исследования подтверждают, что биосферные ценности сильнее всего коррелируют с готовностью к экологичным действиям, включая отказ от комфорта ради сохранения природы.

В российской и казахстанской психолого-педагогической традиции акцент делается на единстве знаний, эмоций и практической деятельности. Ответственное отношение формируется не столько через передачу фактов,

сколько через развитие морально-психологических качеств и ценностных ориентаций.

Психологические механизмы формирования ценностей

Ценности личности развиваются в онтогенезе под влиянием непосредственного опыта взаимодействия с природой, социального окружения и целенаправленного воспитания. Ключевые механизмы:

- Эмоционально-чувственный — переживание красоты, единства с природой, эмпатии к живым существам;
- Рефлексивный — осознание последствий своих действий и личной ответственности;
- Деятельностный — включение в реальную природоохранную практику.

Возрастные особенности:

- В дошкольном и младшем школьном возрасте преобладает эмоционально-чувственная сфера (игры, наблюдения, сказки, проектная деятельность).
- У подростков эффективны рефлексия, дискуссии, исследовательские проекты и связь экологии с личными жизненными целями.

Барьерами выступают преобладание потребительских ценностей и разрыв между знанием и поведением («экологический разрыв»).

Психолого-педагогические условия в практике эколобоцентра

В условиях «Учебно-исследовательского эколобоцентра» г. Усть-Каменогорска эффективно реализуются следующие условия:

1. Регулярный положительный контакт с природой (экскурсии, полевые исследования, работа на пришкольных участках и в живых уголках).
2. Проектная и исследовательская деятельность, направленная на решение локальных экологических проблем региона.
3. Диагностика экологического сознания (методики С.Д. Дерябо и В.А. Ясвина «ЭЗОП», «Натурофил» и др.) и мониторинг динамики ценностных ориентаций.
4. Интеграция экологического содержания в различные формы дополнительного образования (кружки, лагеря, фестивали, конференции).
5. Работа с педагогами и родителями по формированию единого ценностного поля.



Рис. 1-4, работа с младшими школьниками





Рис. 5-8, работа с подростками



Рис. 9-12, работа с педагогами

Особое значение имеет метод экологической лабализации — целенаправленное воздействие на стереотипы восприятия природы, а также использование арт-терапии, ролевых игр и экологических этических дилемм.

Формирование ответственного отношения к природе через развитие ценностей личности — это стратегический путь решения экологических проблем. Экологическая психология предоставляет научную основу для проектирования образовательных программ, ориентированных не только на знания, но и на внутренние изменения личности — переход к экоцентрическому мировоззрению.

Опыт КГКП «Учебно-исследовательский эковиоцентр» подтверждает эффективность ценностно-ориентированного подхода: дети и подростки, вовлеченные в систематическую практическую деятельность и рефлексию, демонстрируют более устойчивые про-экологические установки и поведение.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Дерябо С.Д., Ясвин В.А. Экологическая педагогика и психология. — Ростов н/Д: Феникс, 1996.
2. Макарова Л.М. Экологическая психология и педагогика: учебное пособие. — Самара, 2014.
3. Медведев В.И., Алдашева А.А. Экологическое сознание. — М.: Логос, 2001.
4. Шмелева И.А. Ценности как проблема психологии экологического сознания // CyberLeninka (статья 2009 г.).
5. Багдасарян А.А. Психолого-педагогический анализ формирования ответственного отношения к природе // Universum: психология и образование, 2018.

ӨОЖ 373.2-37.033

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК ІС-ӘРЕКЕТТЕР АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕНІ ДАМУ

Молдекенова Кульжамал Кумаркановна – тәрбиеші, ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің №3 «Балбөбек» балабақша-бөбекжайы» КМҚК, Өскемен қаласы

Андатпа: Мектепке дейінгі балаларға экологиялық тәрбие тәжірибе жасау әдісі арқылы олардың табиғатқа сүйіспеншілігін, жауапкершілігін және қоршаған ортаға ұқыпты қарауын қалыптастырады. Қарапайым тәжірибелер балалардың табиғи құбылыстарды түсінуі мен зерттеушілік қабілетін дамытады, танымдық белсенділігін арттырады.

Қазіргі таңда қоршаған ортаны қорғау мәселесі бүкіл әлем үшін өзекті болып отыр. Табиғи ресурстардың азаюы, экологиялық тепе-теңдіктің

бұзылуы, қоршаған әлемнің ластануы адамзат алдында үлкен міндеттер қойып отыр. Осындай жағдайда жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беру қоғамның маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Әсіресе мектепке дейінгі кезеңде экологиялық білім мен тәрбие беру ерекше маңызға ие, өйткені дәл осы кезеңде баланың табиғатқа деген алғашқы көзқарасы мен дүниетанымы қалыптаса бастайды.

Мектепке дейінгі жастағы балалар қоршаған әлемді тануға ерекше қызығушылық танытады. Олар табиғат құбылыстарын бақылауды, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігін зерттеуді ұнатады. Сондықтан бұл кезең балаларға табиғатты таныстыруға, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыруға өте қолайлы уақыт болып табылады. Баланың табиғатқа деген алғашқы әсерлері оның болашақтағы экологиялық мәдениетінің негізін қалайды.

Экологиялық тәрбие – балалардың табиғат туралы білімін кеңейтіп қана қоймай, олардың табиғатқа деген қамқорлық қатынасын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық процесс. Экологиялық тәрбие беру барысында балалар табиғаттың адам өміріндегі маңызын түсінеді, табиғат байлығын қорғау қажеттігін сезінеді. Сонымен қатар балалар табиғаттағы барлық тіршілік иелерінің өзара байланысын ұғына бастайды.

Балабақшада экологиялық тәрбие беру түрлі педагогикалық әдістер мен тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Соның ішінде табиғатты бақылау, тәжірибелер жүргізу, табиғи материалдармен жұмыс жасау, бейнелеу өнері, ойын әрекеті және шығармашылық жұмыстар ерекше орын алады. Осындай әрекеттер арқылы балалар табиғат туралы білімін тәжірибе жүзінде меңгереді.

Сонымен қатар балалардың табиғат туралы білімін тәжірибе арқылы дамыту да маңызды. Тәжірибе жасау барысында балалар табиғат құбылыстарының себеп-салдарын түсінуге үйренеді. Мысалы, өсімдіктерді суару арқылы олардың өсуін бақылау тәжірибесін ұйымдастыруға болады. Тәрбиеші балалармен бірге екі гүлді таңдап, біреуін үнемі суарып, екіншісін суармай бақылауды ұсынады. Біраз уақыт өткеннен кейін балалар суарылған өсімдіктің жақсы өсетінін, ал суарылмаған өсімдіктің солып қалатынын байқайды. Осы тәжірибе арқылы балалар өсімдіктердің тіршілігі үшін судың қаншалықты маңызды екенін түсінеді.

Судың қасиеттерін зерттеу де балалар үшін қызықты тәжірибелердің бірі болып табылады. Мысалы, тәрбиеші балаларға судың түссіз, иіссіз және дәмсіз екенін тәжірибе арқылы көрсетуге болады. Балалар суды әртүрлі ыдыстарға құйып, оның пішінінің өзгеретінін байқайды. Сонымен қатар суға түрлі заттарды салып, олардың батып немесе қалқып шығатынын бақылау арқылы балалар судың қасиеттері туралы түсінік алады.

Судың негізгі қасиеттері

Балаларға тәжірибе жасау барысында судың келесі қасиеттері таныстырылады:

Судың түссіз, мөлдір болуы

Пішінінің ыдысқа байланысты өзгеруі

Ағуы (сұйықтық қасиеті)

Басқа заттармен араласуы немесе сіңуі

Сумен тәжірибе жасау

1-тәжірибе: Су пішінін өзгертеді

Мақсаты: Судың пішінсіз екенін көрсету

Құралдар: әртүрлі ыдыстар, су

Жүргізілуі:

Суды әртүрлі ыдысқа құямыз.

Балалар судың әр ыдыста әртүрлі пішінге енетінін көреді.

Қорытынды: Су – пішіні жоқ, ыдысқа қарай өзгереді.

2-тәжірибе: Су мөлдір ме?

Мақсаты: Судың мөлдірлігін анықтау

Құралдар: стакан су, ұсақ зат (тиын, тас)

Жүргізілуі:

Затты суға саламыз.

Балалар оның көрініп тұрғанын бақылайды.

Қорытынды: Су – мөлдір.

Құмның құрылымын зерттеу де балалардың табиғат туралы білімін кеңейтеді. Балалар құмды қолымен ұстап көріп, оның сусымалы, қолда тұрмайтынын байқайды. Құмнан бірдеңе жасауға бола ма жоқ өйткені құм бірікпейді.

Кәне, құмды мына үлкейткіш құралмен қарайық. Құм ұсақ қиыршық тастардан тұрады екен.

Құмды егер сумен араластырсақ ол жабысқақ қасиетке ие болады. Ылғалды құмнан әр түрлі заттар жасауға болады.

Осындай қарапайым бақылаулар мен тәжірибелер балалардың танымдық қабілетін дамытып, олардың зерттеушілік қызығушылығын арттырады. Балалар табиғатты тек тыңдап қана қоймай, оны өздері зерттеп, тәжірибе жасап, бақылау арқылы жақсы түсінеді. Нәтижесінде балалар табиғаттың маңызын түсініп, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға үйренеді.

Сонымен қатар экологиялық тәрбие беру барысында ата-аналардың да рөлі зор. Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы балалардың экологиялық тәрбиесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ата-аналар балалармен бірге табиғатта серуендеу, өсімдіктерге күтім жасау, жануарларға қамқорлық көрсету арқылы балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыра алады.

Қорытындылай келе, Құм және су арқылы жүргізілген тәжірибелер балаларға судың негізгі қасиеттерін қарапайым әрі қызықты түрде түсінуге көмектеседі. Мұндай тәжірибелер балалардың бақылау, салыстыру, қорытынды жасау қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, олар табиғатты құрметтеуге, суды үнемдеуге және қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелейді.

Осындай тәжірибелік жұмыстар мектепке дейінгі білім беруде өте тиімді әдіс болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әбдікаримова Қ. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 2020.
2. Нұрғалиева Г. Экологиялық тәрбие негіздері. – Астана, 2021.
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру: әдістемелік нұсқаулық. – Астана: Балаларды ерте дамыту институты, 2023. – 25 б.
4. Жанпейісова М. Халықтық педагогика негіздері. – Алматы, 2019.
5. Қалиев С. Ұлттық тәрбие теориясы. – Алматы, 2018.
6. Жиенбаева С.Н., Исаева Ж.К., Адамова М.Е. Мектепке дейінгі жастағы балалардың әлеуметтік-эмоционалдық тәрбиесі және зияткерлік дамуы. – Қоғамтану және әлеуметтік психология, 2023.

ӨОЖ 373.2:37.033

«ЖАСЫЛ БАЛАБАҚША» ЖОБАСЫ – БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ТИІМДІ ОРТАСЫ

Молдыбаева Нурзан Каирбековна – тәрбиеші, Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№3 «Балбөбек» балабақша-бөбекжайы» КМҚК, Өскемен қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда «жасыл балабақша» тұжырымдамасын жүзеге асырудың маңызы қарастырылады. Жасыл балабақша – балаларға экологиялық тәрбие берудің тиімді ортасы ретінде олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға, экологиялық мәдениетін дамытуға және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Мақалада балабақшада жасыл орта қалыптастырудың негізгі бағыттары, табиғатпен тікелей әрекет ету арқылы балалардың экологиялық білімін дамыту жолдары, сондай-ақ педагогикалық әдістер мен тәжірибелік жұмыстардың маңызы талданады.

Түйін сөздер: асыл балабақша, экологиялық тәрбие, мектепке дейінгі білім беру, экологиялық мәдениет, табиғатты қорғау.

Қазіргі таңда экологиялық мәселелердің өзектілігі бүкіл әлемде артып келеді. Қоршаған ортаның ластануы, табиғи ресурстардың азаюы және табиғат тепе-теңдігінің бұзылуы адамдардың табиғатқа деген көзқарасын қайта қарауды талап етеді. Сондықтан жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беру – қоғамның маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру жұмыстары ерте жастан басталуы тиіс, өйткені мектепке дейінгі кезеңде баланың дүниетанымы мен құндылықтары қалыптаса бастайды.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларға экологиялық тәрбие берудің тиімді жолдарының бірі – «жасыл балабақша» ортасын қалыптастыру болып табылады. Жасыл балабақша – бұл балалардың табиғатпен тікелей байланыста болып, табиғатты танып, оны қорғауды үйренетін ерекше білім беру ортасы. Мұндай ортада балалар табиғат құбылыстарын бақылап, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауды үйренеді. Сонымен қатар балалар табиғаттың әсемдігін сезініп, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды меңгереді.

Жасыл балабақша ортасын қалыптастыру бірнеше бағытта жүзеге асырылады. Ең алдымен балабақша ауласын көгалдандыру маңызды рөл атқарады. Аулада түрлі ағаштар, гүлдер, бұталар отырғызылып, шағын бақша ұйымдастырылуы мүмкін. Мұндай орта балаларға табиғатты күнделікті бақылауға мүмкіндік береді. Балалар гүлдерді суарып, өсімдіктерге күтім жасау арқылы табиғаттың тіршілік үдерістерін түсінеді.

Мысалы, балабақша ауласына алма, қайың немесе терек сияқты ағаштар отырғызу арқылы балалар ағаштардың жыл мезгіліне байланысты өзгерістерін бақылай алады. Көктемде ағаштардың бүршік атып, жапырақ шығаруын, жазда көлеңке беріп жайқалып өсуін, ал күзде жапырақтарының сарғайып жерге түсуін бақылау балаларға табиғаттағы маусымдық өзгерістерді түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар гүлзарларға қызғалдақ, раушан, барқытгүл немесе түймедақ сияқты гүлдерді отырғызу арқылы балалар олардың қалай өсетінін, гүлдеу кезеңдерін және гүлдердің түрлі түстерін көріп, табиғаттың әсемдігін сезінеді.

Балабақша ауласында шағын бақша немесе «экологиялық бұрыш» ұйымдастыру да тиімді. Мұнда балалар тәрбиешінің көмегімен көкөніс тұқымдарын егіп, олардың өсуін бақылай алады. Мысалы, балалар пияз, сәбіз, қызанақ немесе аскөк сияқты өсімдіктерді отырғызып, оларды суарып, топырағын қопсытып, күтім жасайды. Біраз уақыттан кейін тұқымнан өскін пайда болып, өсімдіктің біртіндеп өсіп келе жатқанын көру балаларға ерекше қызығушылық тудырады. Бұл балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, еңбекке баулиды.

Сонымен қатар балаларды ағаш отырғызу акцияларына немесе «Жасыл күн» сияқты экологиялық іс-шараларға қатыстыруға болады. Мысалы, балалар тәрбиешілермен бірге көшет отырғызып, оған су құяды

және оның өсуін бақылап отырады. Мұндай әрекеттер балалардың табиғатқа қамқорлықпен қарауын қалыптастырып, қоршаған ортаны қорғау туралы алғашқы түсініктерін дамытады.

Осылайша балабақша ауласында жасыл ортаны қалыптастыру балалардың табиғатты тікелей бақылауына, өсімдіктерге күтім жасауына және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауына мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибелік жұмыстар балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға үлкен әсер етеді.

Сонымен қатар балабақша ішінде де жасыл бұрыштар ұйымдастыру экологиялық тәрбиенің маңызды бөлігі болып табылады. Топ бөлмесінде өсімдіктер орналастырып, балалар оларды күтіп-баптауға қатыса алады. Өсімдіктерді суару, жапырақтарын сүрту, топырағын қопсыту сияқты қарапайым жұмыстар балалардың жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Сонымен қатар балалар өсімдіктердің өсуін бақылап, олардың тіршілік ету шарттары туралы түсінік алады.

Жасыл балабақшада экологиялық білім беру тек бақылаумен ғана шектелмейді. Түрлі тәжірибелер, ойындар және шығармашылық жұмыстар арқылы балалардың табиғат туралы білімін кеңейтуге болады. Мысалы, балалармен бірге тұқым егіп, оның қалай өсетінін бақылау, судың қасиеттерін зерттеу, топырақтың құрылымын қарастыру сияқты қарапайым тәжірибелер ұйымдастыруға болады. Мұндай жұмыстар балалардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың зерттеушілік қабілетін дамытады.

Сонымен қатар шығармашылық әрекеттер арқылы да экологиялық тәрбие беруге болады. Балалар табиғат көріністерін суретке салып, табиғи материалдардан түрлі композициялар жасай алады. Жапырақтардан аппликация жасау, тастар мен бұтақтарды пайдаланып композициялар құрастыру балалардың шығармашылық қабілетін дамытады. Осындай жұмыстар барысында балалар табиғаттың сұлулығын сезініп, оған деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырады.

Экологиялық тәрбие беруде серуен мен экскурсиялардың да маңызы зор. Табиғат аясында ұйымдастырылған серуендер балалардың табиғат туралы білімін тереңдетеді. Мысалы, балалар саябаққа немесе орманға барып, түрлі ағаштар мен өсімдіктерді бақылап, құстардың дауысын тыңдай алады. Мұндай тәжірибелер балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырып, олардың табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін қалыптастырады.

Мысалы, серуен барысында тәрбиеші балаларға саябақтағы әртүрлі ағаштарды көрсетіп, олардың атауларымен таныстыра алады. Балалар қайың, терек, қарағаш немесе шырша сияқты ағаштарды бақылап, олардың жапырақтарының пішіні мен түсін салыстырады. Күз мезгілінде балалар жерге түскен жапырақтарды жинап, олардың түсінің әртүрлі болатынын

байқайды. Сонымен қатар балалар құстардың даусын тындап, торғай, көгершін немесе қарға сияқты құстарды ажыратуға үйренеді. Тәрбиеші балаларға құстардың табиғаттағы рөлі туралы түсіндіріп, оларға қамқорлық жасау керектігін айтады.

Тағы бір мысал ретінде «Құстарға қамқорлық» тақырыбындағы серуенді ұйымдастыруға болады. Балалар тәрбиешімен бірге ағаштарға ілінген құстарға арналған жем салғыштарды бақылап, құстарға жем салады. Осы әрекет арқылы балалар құстардың тіршілігімен танысып, оларға көмектесудің маңызын түсінеді.

Сонымен қатар «Табиғатты таза ұстайық» атты шағын экологиялық серуен өткізуге болады. Серуен кезінде балаларға табиғатты ластамау, қоқысты жерге тастамау, гүлдерді орынсыз жұлмау сияқты ережелер түсіндіріледі. Балалар табиғаттағы тазалықтың маңызын түсініп, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға үйренеді.

Осындай серуендер мен экскурсиялар балаларға табиғатты тек көру арқылы ғана емес, оны сезіну, бақылау және қорғау қажеттігін түсіну арқылы танып-білуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі артып, олардың экологиялық мәдениеті қалыптаса бастайды.

Жасыл балабақшада педагогтың рөлі ерекше маңызды. Педагог балаларды табиғатты бақылауға бағыттап, олардың қызығушылығын қолдауы тиіс. Сонымен қатар педагог балаларға табиғатты қорғаудың қарапайым ережелерін түсіндіреді. Мысалы, өсімдіктерді сындырмау, гүлдерді орынсыз жұлып алмау, жануарларға зиян келтірмеу, табиғатты ластамау сияқты ережелерді түсіндіру арқылы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға болады.

Балабақшадағы экологиялық тәрбиеде ата-аналардың да қатысуы маңызды. Ата-аналар балалармен бірге табиғатта серуендеу, үйде өсімдіктер өсіру, табиғатты қорғау туралы әңгімелер жүргізу арқылы баланың экологиялық тәрбиесіне үлес қоса алады. Балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда ерекше рөл атқарады.

Қорытындылай келе, жасыл балабақша – балаларға экологиялық тәрбие берудің тиімді ортасы болып табылады. Мұндай орта балалардың табиғатпен тікелей байланыста болып, табиғат құбылыстарын бақылауына, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауына мүмкіндік береді. Сонымен қатар балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілік сезімі қалыптасады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда жасыл орта қалыптастыру және экологиялық тәрбиені жүйелі түрде ұйымдастыру балалардың экологиялық мәдениетін дамытуға үлкен ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру: әдістемелік нұсқаулық. – Астана: Балаларды ерте дамыту институты, 2023. – 25 б.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы.
4. Әбдікаримова Қ. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 2020.
5. Нұрғалиева Г. Экологиялық тәрбие негіздері. – Астана, 2021.

ӨОЖ 373.3-37.034-37.033

ТӨМЕНГІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІК ҰСТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мукаметжанов Сайлаубек Муканбаевич .- дене шынықтыру пәні мұғалімі. Аягөз ауданы білім бөлімінің «С.Ғаббасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Мақалада төменгі сынып оқушыларына барлық пәннен экологиялық білім мен тәрбие беруде ізденіс бағытындағы жұмыстарды өздері шешу жолдарын ұсынуға ұластыру жайлы айтылады.

Оқушыларға экологиялық тәрбие беру, олардың адамгершілік ұстанымын қалыптастыру маңыздылығы қазіргі заманауи жасанды интеллект дәуірінде маңыздылығы жоғары болып тұрған ауқымды мәселе. Бағалау құндылығы бойынша алдыңғы орынға адам өмірі мен өмір сүру ортасын қоятын адамды тәрбиелеп, қалыптастыру – басты міндет. Экологиялық мәселелер өткірлігі күн тәртібінен түспейтін уақытта өмір сүріп отырған қоғамда оқушыларды қоршаған орта мәселесі қатты ойландырып, тоғандыратын кезең мектептен басталып, ғұмыр бойына жалғасуы керек әрі ол мәселенің қарқынды қалыптасу кезеңі мектепте өтіп, іргетасы қаланатын болуы керек. Осындай экологиялық білімнің шешілуіндегі нәтиже табысты болуы үшін бастауыш сыныптағы адам тұлғасының негіздері қалыптасатын шақтың атқаратын ролі ары қарай оның тиімділігін қамтамасыз ететіндіктен жіті қадағалануы тиіс. Төменгі сынып оқушыларына экологиялық білім мен тәрбие берудегі негізгі міндеттер:

-төңірегінде орналасқан табиғи объектілермен қарым-қатынастың қарапайым дағдылары, экологиялық мәдениеттің бастапқы дағдыларын тәрбиелеу,

-айналасындағы адамдар мен табиғатқа жауапты көзқараспен, мейірімділікпен қарау, кейінгі ұрпаққа Жер-Ананы толық жарамды деңгейде қалтыру. Төменгі сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруда әр пәннің қосатын өзіндік үлесі бар. Дене тәрбиесі, эстетика пәндерін оқу табиғи және әлеуметтік нақтылықты игеруге көмектеседі. Бастауыш сыныптардағы оқылатын барлық пәндерде экологиялық тәрбиелеу мен білім беру аймақтық компонентті қолдануға негізделеді. Дене тәрбиесі пәнінен 4-ші сыныпта жаратылыстану пәнімен бірге экологиялық мәселе – ауаның ластануын табиғат аясына шыққанда ауылымыздағы ластаушы көздерді анықтауға тоқталдық. Дене тәрбиесі пәнінен көктем кезінде табиғат қолайлылығына қарай таза ауада жаттығулар орындауда байқалатын кемшіліктерді және жаратылыстану пәнінен табиғатта гүл егу, көктемгі мектеп тәжірибе алаңында істелетін жұмыстарға орай өз пікірлерімен бөлісіп, оқушылар өз жұмыстарын кластер түрінде бейнеледі.

Ауа райын ластаушылар:

Өрт, автокөлік, әскери қалашықтағы, спорт мектебіндегі жылу орталықтары Балалар дәрігер мен экологтар болып топтарға бөлініп, аудан тұрғындары үшін ұсыныстар әзірледі.

топ-дәрігерлер – адам денсаулығы үшін қоршаған ауаның ластануының әсерін зерттеушілер. Аурулардың алдын алу үшін профилактикалық іс-шаралар даярлады. Дәрігерлер ұсынады:

1. Күн режимін сақтау.
2. Орманға, табиғатқа, қыр бөктеріне шығу.
3. Спортпен айналысу, міндетті түрде бойжазба жаттығуларын орындау, сүйікті спорт түрімен үнемі айналысу.

2 *топ-экологтар* – «Ауаны тазарту» экологиялық бағдарламасын құрастырды.

Ауаны тазартудың экологиялық бағдарламасы:

1. Поездарды электровозға ауыстыру.
 2. Автомобильдерді аккумуляторлы батареямен шығару.
 3. МАИ қызметкерлерінің автомобильдердің техникалық байқауын қарауды күшейту.
 4. Өндірістік орындарға атмосфераға улы заттарды шығарудың азайтылған мөлшерін қадағалайтын сүзгілер орнату.
- Осы бағыттағы жұмыстар ізденістік сипатта болады. Оқушылар өз ойларымен экологиялық мәселелерді шешудің жолдарын ұсынады. Өртүрлі ұйымдастырылған оқу және тәрбиелік жұмыстар оқушылардың адамгершілік көзқарастарын экологиялық тәрбие арқылы шексіз мөлшерде өткізуге мүмкіндіктер береді.

**«ДӘСТҮРДЕН ТЫС СУРЕТ САЛУ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ
МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУ»**

*Мухышова Гульбахыт Нурбековна - бейнелеу өнері оқытушысы,
ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№3
«Балбөбек» балабақша – бөбекжайы» КМҚК, Өскемен қаласы*

Аңдатпа: Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім беруде дәстүрден тыс сурет салу әдістерін қолданудың маңызы қарастырылады. Бұл тәсілдер балалардың шығармашылық қабілетін, қиялын дамытып, табиғатқа деген жауапкершілік қатынасын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар балабақшада қолданылатын түрлі бейнелеу әдістерінің тәрбиелік және танымдық мүмкіндіктері сипатталады.

Қазіргі қоғамда экологиялық мәселелердің өзектілігі артып отырған жағдайда жас ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру ерекше маңызға ие. Табиғатты қорғау, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау, табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану сияқты құндылықтар адамның бала кезінен қалыптасуы тиіс.

Мектепке дейінгі кезең – тұлғаның дүниетанымы мен мінез-құлқы қалыптасатын ең маңызды даму кезеңдерінің бірі. Бұл жаста балалар қоршаған ортаны сезім мүшелері арқылы қабылдап, табиғат құбылыстарын тікелей бақылау арқылы танып біледі. Сондықтан балабақшада экологиялық тәрбие беру жүйелі әрі қызықты ұйымдастырылуы қажет.

Экологиялық білім беру тек теориялық түсіндірумен шектелмеуі тиіс. Балалар табиғатты тек тыңдап ғана емес, оны сезініп, көріп, қолымен жасап, шығармашылық әрекет арқылы тануы маңызды. Осы тұрғыдан алғанда бейнелеу өнері, әсіресе дәстүрден тыс сурет салу әдістері балаларға табиғат әлемін танытудың тиімді педагогикалық құралы болып табылады.

Дәстүрден тыс сурет салу әдістері баланың шығармашылық белсенділігін арттырып қана қоймай, оның табиғатқа деген қызығушылығын, эстетикалық талғамын және экологиялық санасын дамытуға мүмкіндік береді.

Экологиялық тәрбие – балалардың табиғат туралы білімін қалыптастырып қана қоймай, олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, жауапкершілік сезімін және қамқорлық қатынасын тәрбиелеуге бағытталған жүйелі педагогикалық процесс.

Мектепке дейінгі жастағы балалар табиғат құбылыстарына ерекше қызығушылық танытады. Олар өсімдіктердің өсуін, жануарлардың

тіршілігін, ауа райының өзгерісін бақылауға құмар келеді. Осы табиғи қызығушылықты дұрыс бағытта пайдалану арқылы балалардың экологиялық дүниетанымын қалыптастыруға болады.

Экологиялық білім беру барысында балалар табиғаттың әсемдігін сезінеді, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауды үйренеді, қоршаған ортаның маңызын түсінеді, табиғатқа зиян келтірмеу мәдениетін меңгереді. Баланың табиғатқа деген қатынасы көбінесе оның эмоциялық әсеріне байланысты қалыптасады. Сондықтан экологиялық тәрбиеде эмоциялық-эстетикалық әдістердің маңызы зор. Осындай тиімді тәсілдердің бірі – бейнелеу өнері.

Дәстүрден тыс сурет салу – балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған бейнелеу өнерінің ерекше түрі. Бұл әдістерде балалар қылқаламнан бөлек түрлі құралдарды пайдаланады: саусақ, губка, жапырақ, мақта, табиғи материалдар, түрлі штамптар және т.б.

Дәстүрден тыс сурет салу әдістерінің артықшылықтары: баланың қиялын дамыту; шығармашылық еркіндігін қалыптастыру; ұсақ моториканы дамыту; сенсорлық қабылдауды жетілдіру; табиғатқа қызығушылықты арттыру.

Бұл әдістер балалардың бейнелеу әрекетін қызықты әрі қолжетімді етеді. Сонымен қатар табиғи материалдарды қолдану арқылы балалар табиғаттың құрылымы мен ерекшеліктерін жақсырақ түсінеді.

Экологиялық тәрбие беруде қолданылатын дәстүрден тыс сурет салу тәсілдері

Саусақпен сурет салу – мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ең қызықты және қарапайым әдістердің бірі. Бұл тәсіл арқылы балалар табиғат элементтерін оңай бейнелей алады.

Мысалы: жаңбыр тамшылары, гүлдер, жапырақтар, көбелектер

Бұл әдіс балалардың сезімдік қабылдауын дамытып, табиғаттың түрлі түстерін тануға көмектеседі.

Жапырақпен сурет салу – табиғи материалдарды қолданудың тиімді тәсілі.

Балалар жапырақты бояуға малып, қағазға басып түрлі өрнектер жасайды. Осы әдіс арқылы балалар жапырақтардың пішінін, құрылымын, өсімдіктердің алуан түрлілігін таниды. Сонымен қатар бұл тәсіл табиғатты зерттеуге деген қызығушылықты арттырады.

Губкамен сурет салу – мектеп жасына дейінгі балаларға табиғат көріністерін бейнелеудің қарапайым әрі қызықты тәсілдерінің бірі болып табылады. Бұл әдіс бейнелеу әрекетін ойынмен ұштастырып, балалардың шығармашылық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Губканың жұмсақ құрылымы арқылы бояу қағаз бетіне ерекше із қалдырады, соның нәтижесінде табиғат элементтерін шынайы әрі әсерлі бейнелеуге болады. Мысалы, губка көмегімен орман көрінісін, бұлттарды, қарды, шөптерді

немесе күзгі жапырақтарды бейнелеу өте ыңғайлы. Балалар губканы бояуға батырып, қағаз бетіне жеңіл басу арқылы түрлі текстуралар жасайды. Осындай әрекеттер барысында олар табиғаттағы әрбір құбылыстың өзіне тән құрылымы мен ерекшеліктері бар екенін байқайды. Сонымен қатар бұл тәсіл балалардың сенсорлық қабылдауын, қиялын және ұсақ моторикасын дамытуға ықпал етеді. Нәтижесінде балалар табиғаттың сыртқы көрінісін ғана емес, оның құрылымдық ерекшеліктерін де сезініп, табиғат әлемін тереңірек түсіне бастайды.

Экологиялық тәрбиеде табиғи материалдар арқылы бейнелеу де ерекше маңызға ие. Табиғи материалдарды қолдану балалардың табиғатпен тікелей байланысын күшейтіп, олардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттырады. Бейнелеу әрекеті барысында балалар тастарды, бұтақтарды, жапырақтарды, дәндерді, гүлдерді және басқа да табиғи элементтерді пайдалана алады. Мысалы, жапырақтарды бояуға малып қағазға басу арқылы ағаш бейнесін жасауға болады, ал ұсақ тастар мен дәндерді пайдалану арқылы табиғат композицияларын құрастыруға мүмкіндік туады. Мұндай жұмыстар балаларға табиғаттағы заттардың пішіні, түсі, құрылымы және қасиеттері туралы түсінік береді. Сонымен қатар табиғи материалдарды қолдану арқылы балалар табиғатты қорғаудың маңызын түсінеді, табиғат байлығына ұқыптылықпен қарауға үйренеді. Бұл әдіс баланың шығармашылық қабілетін дамытумен қатар, оның экологиялық мәдениетінің қалыптасуына да оң әсер етеді.

Балабақшада дәстүрден тыс сурет салу әдістерін қолдана отырып, экологиялық тақырыптағы түрлі шығармашылық жұмыстар ұйымдастыруға болады. Мұндай жұмыстар балалардың табиғат туралы білімін кеңейтіп қана қоймай, олардың табиғатқа деген эмоционалдық қатынасын қалыптастыруға ықпал етеді. Мысалы, «Менің сүйікті ағашым» тақырыбында балалар өздеріне ұнайтын ағаштың суретін салып, оның ерекшеліктерін бейнелей алады. «Гүлдер әлемі» тақырыбы балаларды гүлдердің алуан түрлілігімен таныстырып, табиғаттың әсемдігін сезінуге мүмкіндік береді. «Таза табиғат» тақырыбы арқылы балалар қоршаған ортаны қорғаудың маңызын түсінеді. Сонымен қатар «Орман тұрғындары», «Жаңбырдан кейінгі табиғат», «Құстар біздің достарымыз» сияқты тақырыптар балалардың табиғаттағы тіршілік иелері туралы білімін кеңейтеді. Осындай шығармашылық жұмыстар барысында балалар табиғаттың сұлулығын көріп қана қоймай, оны қорғау қажеттігін де сезінеді. Нәтижесінде олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен қамқорлық сезімі қалыптасып, экологиялық мәдениетінің негізі қаланады.

Дәстүрден тыс сурет салу арқылы экологиялық тәрбие беру барысында педагогтың рөлі ерекше.

Экологиялық тәрбие беруде педагогтың рөлі ерекше маңызды. Педагог балалардың табиғатқа деген қызығушылығын оятып, олардың

қоршаған ортаны тануына бағыт-бағдар беретін негізгі тұлға болып табылады. Мектеп жасына дейінгі кезеңде балалар табиғатты көбінесе бақылау, тәжірибе жасау және шығармашылық әрекет арқылы танып біледі. Сондықтан педагог балаларды табиғат құбылыстарын бақылауға үйретіп, олардың назарын табиғаттағы өзгерістерге аударуы тиіс. Мысалы, ағаштардың жапырақтарының өзгеруі, гүлдердің өсуі, құстардың тіршілігі немесе ауа райының құбылыстары туралы бақылаулар жүргізу арқылы балалар табиғат әлемін тереңірек түсіне бастайды.

Қорытындылай келе, дәстүрден тыс сурет салу әдістері мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім берудің тиімді құралдарының бірі болып табылады. Бұл әдістер балалардың шығармашылық қабілетін дамыта отырып, олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Дәстүрлі емес бейнелеу тәсілдері арқылы балалар табиғат құбылыстарын жақсырақ түсініп, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға үйренеді. Сонымен қатар бұл әдістер баланың қиялын, эстетикалық талғамын және танымдық белсенділігін дамытады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әбдікаримова Қ. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 2020.
2. Нұрғалиева Г. Экологиялық тәрбие негіздері. – Астана, 2021.
3. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2022.
4. Жанпейісова М. Халықтық педагогика негіздері. – Алматы, 2019.
5. Қалиев С. Ұлттық тәрбие теориясы. – Алматы, 2018.

ӨОЖ 373.2:37.035

БАЛАБАҚША – ГҮЛГЕНДЕН БАҚ» ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ

Садыкова Кымбат Қумарбековна – директор, ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№3 «Балбөбек» балабақша-бөбекжайы» КМҚК, Өскемен қаласы

Андатпа: «Балабақша – гүлгенден бақ» әлеуметтік жобасы балабақша аумағын көркейтуге және балаларға табиғатты аялау құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған. Жоба аясында тәрбиеленушілер ата-аналарымен бірлесіп балабақша аумағына гүл отырғызып, ортақ еңбек арқылы табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттырады. Бұл бастама балалардың экологиялық мәдениетін дамытуға және ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді.

Жобаның өзектілігі: әр жыл сайын біздің қаламыздағы өсімдіктер әлеміне антропогендік жүктеме артып келеді - ағаштар мен бұталар кесілуде, шөпті жабын тапталуда, экологиялық ахуал нашарлауда. Балалардың әр буыны табиғат «анадан» бірте бірте алшақтай түсіп, кеңейтілген кенттелу жағдайында өсіп келеді. Экологиялық ойлауды, табиғатта өзін-өзі ұстау мәдениетін, табиғи және жасанды ландшафттардың сұлулығын сезінуді дамыту өзінің шағын Отанына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуге көмектеседі.

Жоба үнемі серуен және ойын алаңы ретінде пайдаланылатын балабақша аумағын балалардың, ата-аналардың және педагогтардың бірлескен жұмысы арқылы көгалдандыру мен безендіруге арналған.

Жоба төлқұжаты:

Жоба түрі: тәжірибелік-бағытталған

Жоба ұзақтығы - 8 ай

Жобаға қатысушылар: балабақшаның тәрбиеленушілері, ата-аналары, педагогтар.

Жобаның мақсаты: Балабақша аумағын бірлесе көгалдандыру арқылы балаларға экологиялық тәрбие беру.

Міндеттері:

1. Тәрбиеленушілерді өсімдіктер экологиясының негіздерімен, табиғатта өзін-өзі ұстау дағдыларымен таныстыру.

2. Толеранттық дағдыларын, коммуникативті мәдениетті игерту.

3. Өзіндік тәжірибелік әрекетті дамытуға мүмкіндік жасау.

4. Еңбек дағдыларын дамытуға жағдай жасау.

5. Гүлзарларға отырғызылуға қажетті өсімдіктердің түрін, оларды егу және гүлдеу ұзақтылығын анықтау



Жобаны жүзеге асыру мерзімі:

ақпан – қыркүйек.

Күтілетін нәтижелер:

1. Жобаға қатысушыларын экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.

2. Қоршаған табиғатты сақтау және жақсарту ісіндегі жеке маңыздылығын түсіну – белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

3. Педагогтар, ата-аналар және балалардың бірлескен әрекеті арқылы балаларды әлеуметтендіру, оларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу.

4. Сауықтыру, тәрбиелеу, білім беру әрекет түрлерінде пайдалану үшін эстетикалық-жайлы аумақ құру.

Жобаны жүзеге асыру келесі кезеңдер арқылы жүзеге асырылады:

- дайындық;
- негізгі;
- қорытынды.

1-кезең: ақпан – балалар үйде ата-аналарымен, сондай-ақ топта тәрбиешілерімен бірлесе гүл тұқымдарын отырғызады. Екпе көшеттерге күтім жасайды, температуралық режимді қадағалайды, қопсытады, сиретіп отырғызады және т.б.

2-кезең: 20 мамырдан бастап екпе көшеттерді гүлзарлар мен гүл құмыраларына отырғызу кезеңі басталады. Аралық қорытындыны жүргізіледі.

3-кезең: шілде-қыркүйек айлары – гүлзарларға күтім жасау, қопсыту, гүлзарларды безендіру, тұқым жинау.

Жоба қорытындысын шығару

Ең көп мөлшерде сапалы екпе көшеттер санын өсірген, балабақшадағы алаңдары мен гүлзарларды безендіруде шығармашылық танытқан топтар зообаққа барумен марапатталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.* – Астана.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана.
3. Құлжанова Н. *Мектепке дейінгі педагогика.* – Алматы: Рауан.
4. Сатиева С. *Мектепке дейінгі ұйымдардағы экологиялық тәрбие.* – Алматы.
5. Интернет ресурстары (мектепке дейінгі білім беру және экологиялық тәрбие бойынша әдістемелік материалдар).

ӘОЖ 372.857-598.1-908

**БАУЫРЫМЕН ЖОРҒАЛАУШЫЛАР КЛАСЫН
ЗЕРТТЕУДЕГІ ОЗ ЭКОБИООРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ТАБИҒАТТЫҢ**

ТІРІ ОБЪЕКТІЛЕРІ ПОЛИГОНЫНЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІН БАҒАЛАУ

Сурашева Назерке Жанболатовна – ШҚО ББ Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Оқу-зерттеу экобиоорталығы» КМҚК

Аннотация. Бұл мақалада ШҚО Білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «ОЗ Экобиоорталығындағы» табиғи тірі объектілер полигонының бауырымен жорғалаушылар класын оқытудағы әдістемелік мүмкіндіктері ашып көрсетіледі. Полигон экспозициясында ұсынылған бауырымен жорғалаушылардың түрлік құрамы сипатталады, сондай-ақ мектеп биологиясының нақты тақырыптары мен бөлімдерін оқытуда полигонды пайдалануға арналған егжей-тегжейлі әдістемелік ұсынымдар беріледі.

Полигон экспозициясы «ОЗ Экобиоорталығының» фауна зертханасында орналастырылған. Мұнда аквариумдар, террариумдар, вольерлер бар. Экспозициялар табиғи компоненттермен (топырақ, өсімдіктер, құм және басқа да элементтер) толтырылған, бұл жануарлардың табиғи ортадағы мекендеу жағдайын үлгілік түрде бейнелейді. Бауырымен жорғалаушылар (Reptilia) — омыртқалы жануарлардың ерекше тобы. Олар Жер бетінде шамамен 300 миллион жыл бұрын пайда болып, қазіргі уақытқа дейін табиғатта кеңінен таралған. Бұл топқа жыландар, кесірткелер, тасбақалар және қолтырауындар жатады.

Жануарлар арнайы жабдықталған террариумдарда ұсталады. Онда олардың табиғи мекендеу ортасына барынша жақын жағдайлар жасалған.

Экобиоорталық базасында оқушылар бауырымен жорғалаушылардың сыртқы және ішкі құрылысының ерекшеліктерін, қоректенуін, мінез-құлқын және көбею жолдарын тәжірибе жүзінде бақылай алады. Сонымен қатар экологиялық жауапкершілікті қалыптастыру, жануарларға дұрыс күтім жасауды үйрету және оларды қорғау бағытында жұмыстар жүргізіледі.

Өскемен қаласының Оқу-зерттеу экобиоорталығы тек білім беру мекемесі ғана емес, сонымен бірге экологиялық мәдениетті қалыптастыратын маңызды орталық болып табылады. Мұнда жүргізілетін зерттеулер мен бақылаулар бауырымен жорғалаушылар туралы білімді тереңдетуге және олардың табиғаттағы маңызын жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Бауырымен жорғалаушылар биоалуантүрлілікті сақтауда маңызды орын алады. Олардың құрылысын, тіршілік әрекетін және қоршаған ортаға бейімделу ерекшеліктерін тереңірек түсіну үшін теориялық біліммен қатар практикалық зерттеулердің де маңызы зор. Осы тұрғыдан алғанда, Өскемен қаласында орналасқан Оқу-зерттеу экобиоорталығы ерекше рөл атқарады.

Экобиоорталықта білім беру және ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдаланылатын бауырымен жорғалаушылардың әртүрлі өкілдері ұсталады. Атап айтқанда, мұнда ромб тәрізді кілем питоны, императорлық айдаһар жылан, сақалды ағама және жасыл игуана сияқты экзотикалық түрлермен қатар, Қазақстан аумағында және тікелей Шығыс Қазақстан облысында мекендейтін түрлер де ұсынылған. Олардың қатарында ортаазиялық тасбақа, көзшелі кесіртке, түрлі түсті кесіртке, тақыр және Зайсан жұмырбас кесірткелері, шырылдақ геккон, құм айдаһаршасы және өрнекті қарашұбар жылан бар. [1,2]

Ромб тәрізді кілем питоны (*Morelia spilota*) — Австралия мен Жаңа Гвинеяда мекендейтін ірі жылан. Дене ұзындығы 2–4 метрге дейін жетеді. Түсі қоңыр, қара және сары реңкті ромб тәрізді өрнектерден тұрады. Бұл жылан улы емес, жемтігін денесімен қысып тұншықтыру арқылы өлтіреді. Негізінен кеміргіштермен, құстармен және ұсақ сүтқоректілермен қоректенеді. (1-сурет)

Императорлық айдаһар жылан (*Boa constrictor imperator*) Орталық және Оңтүстік Америкада таралған. Дене ұзындығы 3 метрге дейін жетуі мүмкін. Ол да улы емес, жемтігін денесімен қысып аулайды. Көбіне түнде белсенді болады, жерде де, ағаштарда да тіршілік етеді. Тірі туатын жыландар қатарына жатады.

Сақалды ағама (*Pogona vitticeps*) Австралияда мекендейді. Қауіп төнген кезде тамақ тұсындағы терісін керіп, түсін қарайтады, осы ерекшелігіне байланысты «сақалды» деп аталған. Дене ұзындығы шамамен 40–60 см. Қорек талғамайтын жануар, жәндіктермен және өсімдіктермен қоректенеді. Қазіргі уақытта үй жануары ретінде кеңінен таралған. (2-сурет)

Жасыл игуана (*Iguana iguana*) Орталық және Оңтүстік Американың тропикалық ормандарында мекендейді. Құйрығымен қоса есептегендегі жалпы ұзындығы 2 метрге дейін жетеді. Негізінен ағашта тіршілік етеді. Өсімдікқоректі, жапырақтармен және жемістермен қоректенеді. Ұзын әрі күшті құйрығын қорғану құралы ретінде пайдаланады.

Ортаазиялық тасбақа (*Testudo horsfieldii*) Қазақстанда, Өзбекстанда, Түрікменстанда және көршілес елдердің шөлейт әрі жартылай шөлді аймақтарында таралған. Қатты, дөңгелек пішінді сауыты болады. Өсімдікқоректі, шөптермен және жапырақтармен қоректенеді. Қыста және қатты ыстық кезеңде інінде ұзақ уақыт ұйқыға кетеді. [3]

Қызылқұлақ тасбақа (*Trachemys scripta*) — Солтүстік Американың тұщы су айдындарында мекендейтін түр.

Үлкен көз кесіртке (*Eremias multiocellata*) — Зайсан қазаншұңқырында кездеседі. Өте жылдам қозғалады. Негізгі қорегі — жәндіктер.

Кап вараны (*Varanus exanthematicus*) — ересек дараларының жалпы ұзындығы 60 см-ден 1,5 метрге дейін жетеді, әдетте аталықтары аналықтарынан ірірек болады. Таралу аймағы — тропикалық Африка. Өртүрлі буынақтылармен және ұлулармен қоректенеді. [4]

Көк тілді сцинк (*Tiliqua scincoides*) — Австралияда таралған *Tiliqua* туысына жататын кесірткелердің бірі. Бұл туыс өкілдерінің басты ерекшелігі — үлкен көк түсті тілі. Олар оны ықтимал жауларына ескерту белгісі ретінде шығара алады. Сонымен қатар тілі пішінін өзгертіп, жемтігін ұстауға көмектесетін қою шырыш бөлуі мүмкін. [5]

Сондай-ақ Экобиорталықтың тірі табиғат нысандары полигонында Шығыс Қазақстан облысының төменде аталған бауырымен жорғалаушылар фаунасының өкілдері қазіргі кезде кездеседі немесе бұрын ұсталған, әрі болашақта оларды қайтадан ұстау мүмкіндігі қарастырылуда.

Түрлі түсті кесіртке (*Eremias arguta*) — Зайсан қазаншұңқырында кездеседі. Өте жылдам қозғалады. Негізгі қорегі — жәндіктер.

Тақыр жұмырбас кесіртке (*Phrynocephalus helioscopus*) — Зайсан қазаншұңқырында таралған. Сазды шөлдер мен шөлейт аймақтардың типтік мекендеушісі. Дене түсі жер бедерімен үйлесіп, оны байқалмайтындай етеді. Жәндіктермен және олардың дернәсілдерімен қоректенеді.

Зайсан жұмырбас кесірткесі (*Phrynocephalus melanurus*) — Зайсан қазаншұңқырының эндемигі. Құмды төбелерде мекендейді. Қорғаныш реңінің арқасында құмды ортаға сіңісіп кетеді. Қауіп төнген кезде денесін дірілдету арқылы құмға жылдам көміліп қалады. Жәндіктермен және олардың дернәсілдерімен қоректенеді.

Құм айдаһаршасы (*Eryx miliaris*) — Шығыс Қазақстан облысы аумағында Зайсан қазаншұңқырындағы Құлынжүн құмдарында кездеседі. Ұршық тәрізді дене пішіні оған құм арасында жасырынуға және оның ішінде еркін қозғалуға мүмкіндік береді.

Шикылдақ жармасқы (*Alsophylax pipiens*) — геккондар тұқымдасына жататын ұсақ кесіртке. Қауіп төнген жағдайда шығаратын ерекше дыбысына байланысты осылай аталған. Зайсан қазаншұңқыры мен оның маңындағы тастақты өңірлерде мекендейді. Жәндікқоректі. Түнде белсенді тіршілік етеді. Күндіз тастардың астына жасырынады. Түнгі тіршілікке бейімделу белгісі ретінде дене жамылғысы бозғылт сұр түсті, ал көздері үлкен болады.

Өрнекті жылан (*Elaphe dione*) — ұзындығы 120 см-ге дейін жететін ірі, улы емес жылан. Дала және шөлейт аймақтарда көптеп таралған. Арқасындағы өрнекті суретіне байланысты осылай аталған. Экожүйеде маңызды рөл атқарады, өйткені ұсақ кеміргіштердің санын реттейді.



Сурет 1. Ромб тәрізді кілем питоны (*Morelia spilota*)



Сурет 2. Сақалды агама (*Pogona vitticeps*)



Сурет 3. Жасыл игуана (*Iguana iguana*)



Сурет 4. Ортаазиялық тасбақа (*Testudo horsfieldii*)



Сурет 5. Тақыр жұмырбас кесіртке (*Phrynoscephalus helioscopus*)



Сурет 6. Кап вараны (*Varanus exanthematicus*)



Сурет 7. Қызылкұлақ тасбақа (*Trachemys scripta*)



Сурет 8. Көк тілді сцинк (*Tiliqua scincoides*)

Бауырымен жорғалаушылар экожүйелерде маңызды рөл атқарады: олар жәндіктер мен кеміргіштердің санын реттеп, табиғи тепе-теңдікті сақтайды. Кейбір түрлер ғылым мен медицина үшін де ерекше мәнге ие.

«ОЗ Экобиоорталығы» зертханасында бауырымен жорғалаушылардың осындай бай түрлік құрамының болуы – жанды сабақтар, зертханалық жұмыстар және жобалық қызмет үшін тамаша база. Тірі объектілер оқулықта абстрактілі болып көрінетін тақырыптарды көзбен көріп, нақты түсіндіруге мүмкіндік береді.

Төменде мектеп биологиясы бағдарламасы (7–11 сыныптар) аясында әрбір жануарды пайдаланудың әдістемелік нұсқалары берілген.

1. Зертханалық және практикалық жұмыстар (7–8-сыныптар)

Тақырып: «Бауырымен жорғалаушылар класы. Сыртқы құрылысы мен қозғалу ерекшеліктері»

Оқушылар оқулықтағы сызбалармен ғана шектелмей, морфологиялық ерекшеліктері мен бейімделу белгілеріне салыстырмалы талдау жүргізе алады.

Қозғалу тәсілдері мен аяқтарының құрылысы:

Игуана мен сақалды агама — құрлықта тіршілік ететін кесірткелерге тән бес саусақты аяқ құрылысының классикалық үлгісін көрсетуге өте қолайлы. Олардың ілмек тәрізді тырнақтары өрмелеуге бейімделген: агама — жартастар мен бұтақтарға, ал игуана — ағаштарға шығуға икемделген.

Көк тілді сцинк пен кап вараны — дене пішінінің әртүрлі өзгеру деңгейін көрсетуге қолайлы. Сцинктің денесі созылыңқы, аяқтары қысқа, бұл жылан тәрізді қозғалысқа өтудің белгісі ретінде қарастырылады. Ал кап вараны қазуға бейімделген мықты әрі күшті аяқтарымен ерекшеленеді.

Кілем питоны — аяқтарының толық редукциясын көрсететін айқын мысал. Оның қозғалысын омыртқа жотасының иілуі мен құрсақ

қалқаншаларының қызметі арқылы зерттеуге болады. Жоғары сынып оқушыларымен жақыннан бақылау кезінде немесе түлеген терісін қарастыру барысында артқы аяқтардың рудименттерін — клоака маңындағы тырнақтәрізді өсінділерді көруге болады. Бұл «Эволюция» тақырыбын түсіндіруге өте тиімді мысал.

Су және құрлық жағдайына бейімделуді салыстыру (тасбақалар):

Ортаазиялық тасбақа мен қызылқұлақ тасбақаны салыстыру арқылы оқушылар олардың тіршілік ортасына байланысты қалыптасқан айырмашылықтарын нақты байқай алады. Ортаазиялық тасбақада жерде жүруге және ін қазуға бейімделген жуан, баған тәрізді аяқтар мен биік күмбезді сауыт болады. Ал қызылқұлақ тасбақада су ішінде қозғалуға ыңғайлы жалпақтау, ағысқа кедергі келтірмейтін сауыт және саусақтарының арасында жақсы жетілген жүзу жарғақтары байқалады.

2. Экологиялық бейімделулер мен биогеографияны зерттеу

Әрбір аталған түр — белгілі бір биомның айқын өкілі. Оларды экология және материктер географиясы сабақтарында тірі көрнекілік ретінде пайдалануға болады.

Шөл және қуаң аймақтарға бейімделу:

Зайсан жұмырбас кесірткесі — жергілікті өңірлік экологияны оқытудағы коллекцияның ерекше құнды түрі. Оның мысалында құмды және киыршықтасты шөлдерде тіршілік етуге бейімделу ерекшеліктерін қарастыруға болады: қорғаныш реңі, денесін бүйірлей қозғалту арқылы құмға жылдам көмілу қабілеті, сондай-ақ құйрығын шиыршықтау арқылы жүзеге асатын өзіндік қарым-қатынас белгілері.

Сақалды ағам — жылу реттелу үдерістерін көрсетуге қолайлы түр. Ол дене түсін ашық реңнен қою түске өзгерту арқылы жылуды сіңіреді, ал салқындау үшін аузын ашады. Сонымен қатар қорғану мінез-құлқын да айқын көрсетеді: «сақалын» керіп үлкейтеді және денесін жалпайтады.

Тропикалық экожүйелер:

Жасыл игуана: тропикалық ормандардың ағашты шөпқоректі жануарларының классикалық мысалы.

Кілем питоны: буксирленген жыртқыштың камуфляжды (бөлшектейтін) түсі.

3. Физиология және мінез-құлық ерекшеліктері (тірі нысандарды бақылау)

Сезім

мүшелері:

Көк тілді сцинк, кап вараны және питон тілін жиі шығарып, қайта енгізуі арқылы қоршаған ортаны «зерттейді». Бұл құбылысты түсіндіру Джейкобсон, яғни вомероназальды мүше туралы айтуға өте қолайлы. Бауырымен жорғалаушылар тілінің көмегімен ауадағы иіс молекулаларын жинап, оларды ауыз қуысына жеткізеді, сол арқылы қоршаған орта туралы ақпарат алады.

Сонымен қатар питонның ерін қалқаншаларында орналасқан жылусезгіш шұңқырларды көрсетуге болады. Олардың көмегімен ол жемтіктің жылу сәулесін сезеді.

Қоректену ерекшеліктері және трофикалық байланыстар: Жануарларды қоректену сипатына қарай бірнеше экологиялық топқа бөлуге болады:

өсімдікқоректілер — игуана, ересек ортаазиялық тасбақа; талғаусыз қоректенетіндер — сақалды ағаман, көк тілді сцинк, қызылқұлақ тасбақа;

жыртқыштар — питон, кап вараны.

Бұл материал жалпы биология сабақтарында қоректік тізбектер мен қоректік торларды құрастыруға өте қолайлы.

4. Жоғары сынып тақырыптары (9–11-сыныптар): эволюция және генетика

Қорғаныс бейімделулері мен мимикрия: Жұмырбас кесірткелердің мінез-құлқы, көк тілді сцинктің ашық көк тілі — үркітуші реңнің мысалы, ал сақалды ағаманың тікенекті қабыршақтары қорғанысқа бейімделудің көрінісі болып табылады.

Жабындардың эволюциясы: Түлеу үдерісін зерттеу ерекше қызығушылық тудырады. Егер питонның түлеген терісі немесе кесірткелердің қабыршақтары жинақталса, оларды микроскоппен не үлкейткіш әйнекпен қарастырып, мүйізді заттың құрылымын зерттеуге болады.

Конвергентті эволюция: Тасбақаның сауытын моллюскалардың бақалшағымен немесе сауытты аңдардың қорғаныш тақташаларымен салыстыру арқылы ұқсас қызмет атқаратын құрылымдардың әртүрлі эволюциялық жолмен қалыптасуын түсіндіруге болады.

5. Жобалық және ғылыми-зерттеу қызметі

Полигондағы бауырымен жорғалаушылар мектептегі ғылыми жобалар үшін мінсіз нысан болып табылады. Оқушылар ұзақ мерзімді, жануарларға зиян келтірмейтін бақылаулар жүргізе алады:

1. «Температуралық режимнің экзотикалық бауырымен жорғалаушылардың белсенділігіне әсері»
Инфрақызыл термометрлерді немесе пирометрлерді пайдалана отырып, террариумның жылы және салқын аймақтарындағы температураны өлшеу, сондай-ақ жануардың сол аймақтарда болу уақытын тіркеу.
2. «Көк тілді сцинктің немесе сақалды ағаманың қолда ұстау жағдайындағы қоректік талғамы»

Қоректену ерекшеліктерін зерттеу, теңгерімді азық мәзірін құрастыру.

3. «Зайсан жұмырбас кесірткесінің тәуліктік белсенділігі»

(Оның биоритмдерін террариумдағы жасанды күн тәртібі жағдайында салыстыру)

4. «Кілем питоны мысалындағы жыландардың түлеу ерекшеліктері» Түлеу жиілігінің жасына, қоректенуіне және ылғалдылық деңгейіне тәуелділігін зерттеу.

Қауіпсіздікке қатысты маңызды әдістемелік ескерту: Ірі немесе ықтимал қауіпті жануарларды, мысалы кап варанын, кілем питонын және ірі игуананы көрсету кезінде оқушылармен өзара әрекет қатаң түрде жанаспайтын форматта жүргізілуі тиіс. Жануарды мұғалімнің өзі көрсетіп, қауіпсіздік талаптарына ерекше назар аударғаны жөн.

Тактильді байланысқа, егер бұл мектеп ережелерімен рұқсат етілсе және жануарлар қолға үйретілген болса, мінезі сабырлы сақалды ағамаларды, көк тілді сцинктерді немесе ортаазиялық тасбақаларды пайдаланған дұрыс.

Бауырымен жорғалаушылар – табиғаттың, «ОЗ Экобиоорталығы» фауна зертханасының құнды әрі ажырамас бөлігі. Өскемен қаласындағы экобиоорталық сияқты орталықтар олардың зерттелуіне, қорғалуына және оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға елеулі үлес қосады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Банников А.Г., Даревский И.С., Ищенко В.Г., Рустамова А.К., Щербак Н.Н., 1977. Определитель земноводных и пресмыкающихся фауны СССР. М.: 287-289.
2. Стариков С.В., Прокопов К.П., 2000. Герпетофауна бассейна Верхнего Иртыша. Охрана окружающей среды и природопользование Прииртышья. Усть-Каменогорск, 2: 174-178.
3. Параскив К. П., 1956. Пресмыкающиеся Казахстана. Алма-Ата
4. https://ru.wikipedia.org/wiki/Степной_варан
5. https://en.wikipedia.org/wiki/Blue-tongued_skink

ӘОЖ 372.851-908

АЙМАҚТЫҚ КОМПОНЕНТТІ МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ҰТЫМДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Төлеуханов Ерзат Нұржанұлы, Аякөз қаласы «№1 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ математика пәні мұғалімі

Аңдатпа. Мақалада аймақтық компонентке негізделіп құрастырылған есептерді математика сабақтарында қолдану барысы жайлы айтылады.

Математика сабағында аймақтық компонентті қолдана отырып,экологиялық білім беруді сабақ барысында қолдануда табиғат пен білім,ғылымды ұштастыра қолдану арқылы қазіргі білім беру жүйесінің үдесінен шығып,келешегі биік шыңдарға жетелеудегі алғашқы қадам деп есептеуге болады.Экологиялық тәрбиеде жақсы нәтижеге қол жеткізу-әр әдіс түрінің тәжірибе мен модельденген іс-әрекетінің бір-бірімен етене байланыстылығында.Экологиялық сауаттылыққа баулу-әр ұстаздың мақсаты.Ел тізгінін мықтап ұстайтын жан-жақты тұлға болып қалыптасуда әр жеткіншектің өз өскен өлкесін,табиғатын сүйетін азамат ретінде дүниетанымы кеңейіп,қоршаған ортаға деген өзіндік көзқарасы пайда болу керек,білуге құмартсам деген ынтасы арту керек.Осындай баланың табиғаттан алған әсерін әңгімелеп,әдеби тілмен суреттеп беруі оның шығармашылығының артып,ой-өрісінің артуы мен қиялына қанат бітіріп,табиғатқа деген түсінігін айқындауға септігін тигізері сөзсіз.Осы тұрғыда өзіміз тұратын тоғыз жолдың торабы болып табылатын- Аякөз қаласы мен оның төңірегіндегі табиғат ерекшеліктері мен экологиялық келелі мәселелерімен таныса отырып,оны шешудің жолдарын іздеуге талпыныс жасайды.Осы кішкене ізденіс үлкен ғылыми шығармашылық жұмысқа жетелейді.Экологиялық мәселе тек жаратылыстану пәніндегі мұғалімдерге ғана қатысты емес,техника мен цифрлы ақпараттық материалдардың қаптауына байланысты математика пәнінің де табиғатты қорғауға деген мүмкіндігін есептеу арқылы логикалық ойлау қабілеттерін арттыруға,қызықты есептер құрастырып, шығару арқылы да табиғатқа деген іңкәр сезімдерін қалыптастыруға болады.Мектеп жанындағы тәжірибе алаңында өсетін жалбыз,бақбақ,жусан,ермен сияқты емдік қасиеті бар өсімдіктер дүниесінің маңызына тоқталуда өздері күнделікті көріп жүрген өсімдіктер пайдасына байланысты оңай түсіндіруге болады.Математика пәні оқушылар үшін күрделі пән болып табылатындықтан,материалды басынан түсініп оқыған баланың қызығушылығы артып,саралап,екшеп,стандарттық деңгейдегі білімнен артып,құштарлығы оянады.Шығармашылық потенциалын арттыруға арналған әдіс-топтық жұмыс.Оқушының оқу барысындағы мұғалімнің қатысынсыз өзіндік жұмыс әрекеті,білімін практикада қолдана отырып,өз көзқарасы мен уәжін дәлелдеуге мүмкіндік туады.Топ ерекшелігіне байланысты тапсырмалар нұсқасы да әртүрлі болады. Өздік жұмысты жақсы орындайтындар мен бағдарлай алмай қалатындарға байланысты тапсырмалар реті жасалады.Топта жетекшілік роль атқарып, топ үшін жауапкершілік сезімі туындайтын оқушылар саны артып,интеллектуалдық даму деңгейі өсіп,әлеуметтік құзыреттілік қалыптасады.»Бәрі бірі үшін,бірі бәрі үшін « жауап беретін жағдайға жеткізеді.2;4;6 оқушыдан тұратын топтар құрылады.Көбінесе «Топпен оқу» әдісінде 1) топ болып орындайтын тапсырмалардың негізгі бөлігіне мән түсіндіру кезінде беріледі;2) әр оқушы

топта бір-біріне көмек беретін тұстары жайлы айтылады;3) әр оқушыға жеке-өзіндік жұмыс таблицаны толтыру,мәтінмен жұмыс,сызбаны аяқтау сияқты тапсырмалар болады. «*Ынтымақтаса оқу*» барысында 6 оқушыдан тұратын топ жұмыс тапсырмасын,тапсырма алгоритмін алады.Тапсырма топтағы барлық оқушы қатысуын ескеріп жасалғандықтан,әр оқушы өзінің үлесін қосады.Әр оқушының жұмысы топта талданады,себебі,жалпы нәтиже барлығына қатысты.Барлық оқушы жұмысы маршрут қағазына енгізіледі.» *Топпен жұмыс істеу* » әдісін жоғарғы сыныпта «Геометриялық денелер» тарауын қайталау кезінде қолдану барысында сыныптағы топтарды оқушылар қарапайым салу есептерін орындап,тірі және өлі табиғат құрылысынан геометриялық денелердің кез келгенін танып,оларды көз алдына елестете біліп,өсімдіктердің гүлдері мен жапырақтары, жануарлар мүшелерінің орналасуы мен пішіндерінен,көбелектер мен шыбын-шіркейлерден түрлі шеңбер,үшбұрыш,төртбұрыш, кесінді,аудан,көлем туралы жеке ұғымдардың енгізулері оқушылардың геометриялық денелер мен табиғат арасындағы байланысты геометрия пәнінен білуге бейімдейді.

Оқушылардың ұсынылған ақпараттан қажеттіні анықтай алу,ізденістің жоспарын құрастыру,нобайлау,алған білімді практикада қолдану- әр шағын топ тапсырмасына берілген алгоритм арқылы мотивациялауға әкеледі. Оқушылар ортақ пікір туғызып,ақпарат жинап,мақсат қойып,сыни тұрғыдан ойлана отырып,жоспар құруға,өзінің және өзгенің іс-әрекетіне баға береді. Коммуникативті қабілеттері дамып,диалог пен дәйектер,талқылауға оқушыларды қатыстыру белсенді жүргізіледі.Осы жағдайда жетістіктері жоғары болатынын көруге болады.Осылайша,оларды қажетті дағдылармен, қасиеттермен қаруландыруға болады.Сондықтан балаға бір нәрсені білдірмекші болғанда ,сол нәрседен әсер алуға баланың көп сыртқы сезімдерін қалыптастыруға тырысу керек.Бәсеке емес,ынтымақтаса істеу арқылы әр оқушының қажыр-қайратымен жалпы нәтижеге қол жеткізеді.Дәстүрлі оқытуға қарағанда, мотивация барлығында жоғарырақ болады.Осы әдіс арқылы :

- оқу үдерісінде бастамашы кейпінде болуға мүмкіндік тууы;
- белсенді әңгімелесу арқылы таныммен оқу материалын ұғынуға әкелу;
- қарым-қатынастың дамуы;
- мәдениеттілік қағидасының өрбуі;
- басқа топтармен салыстырғанда өзін диагностикалау тиімділігінің артуы;
- өзін-өзі бағалау мүмкіндігінің тууы,
- әлеуметке қалыптасу механизмінің артуы.

Топпен жұмыс істеу- нақты ситуация жағдайы әдісінің қалыптасуына әкеліп, құзыреттіліктерінің артуына, бәсекеге қабілетті тұлғаның дамуына,өзін жалпы жүзеге асыра алатын дербес дамуға,өркендеуге лайық

тұлғаның өсуіне апаратын жол салынады. 5-6 сынып бағдарламасы бойынша математика сабақтарында табиғатты қорғаудың өзіндік ерекшеліктері бар тақырыптық есептер енгізілген. Мысалы:

1. Аязды күндері біздің мектептің жылу қазандықтарында екі тәулікте 4,6 тонна тас көмір жағылады. Бір аптада қанша көмір жағылады?

2. Аякөз қаласындағы жаңадан ашылған №11 жалпы білім беретін орта мектеп ауласына көгалдандыру мақсатында 10 түп көшет отырғызылды. Қылқанжапырақтыға қарағанда 1,2 есе қарағаш көп отырғызылған. Қанша түп қарағаш отырғызылды?

3. Күз кезінде біздің мектептің оқушылары емдік қасиеті бар долана өсімдігін теруге Аякөз өзенінің жағасына барды. Дәріханаға бірінші күні 4 кг, екінші күні 3 кг өткізді. Бір кг 400 теңге. Дәрі сатып алуға қанша ақша үнемдейді?

4. Картоп түйнегінде 20% крахмал және 2% қант бар. Жарты тонна картоптан қанша крахмал және қанша қант алуға болады?

5. Күн сайын мектеп асханасында тамақтану барысында әр оқушы 2г нанды ысырап қылады. 1100 оқушысы бар мектеп бір жылда қанша нанды ысырап қылады?

6. Мектеп ауласында өсіп тұрған 40 түп көктеректің әрқайсысы екі адамға тыныс алуға жетерлік оттегін бөліп шығарады. Осыныша түп көктерек қанша адамға жетерлік оттегін бөліп шығарады?

7. Аякөз қаласында 40 мың адам тұрады. Биіктігі орташа бір ағаш 3 адамды оттегімен қамтамасыз етеді. Қала халқын толық оттегімен қамтамасыз ету үшін қалада қанша ағаш өсіру керек?

Табиғатты пайдалану барысында адам қоғамдағы дағдарыстық өзгерістерді тежеу, алдын алуда экологиялық білімін әрекет етпей қолдану қажет. *«Бала тәрбиесіндегі ең бастысы-әлеуметтік маңызы бар және экологиялық фактілерді пән мазмұнын толықтыруда жаратылыстану пәндерінен экологиялық білім беруде жүзеге асыру»*-делінген. Пәндерге экологиялық білім негіздерін енгізумен қоса оқушының экологиялық дүниетанымын, көркемдік сезімдерін жетілдіруге, мейірімділік пен жауапкершілік қасиеттерін дамытуға, қоршаған ортасын қорғауға атсалысып, потенциалдарын арттыруға жіті назар аударуға басымдық беру қажеттілігі ескеріледі. Дұрыс бапталған ағаш-жас буынның жақсы жеміс беретіні секілді адамның да саналы көзқарасы цифрландырылған қоғамдағы ұрпақтың экобілімді, эко мәдениетті, парасатты азаматтың пайда болуына әкелетіні сөзсіз.

РЕГИОНАЛЬНЫЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ В ПРАКТИКЕ ИХ РЕШЕНИЯ ВОСПИТАТЕЛЕМ ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

Шнайдер Елена Сергеевна - воспитатель, КГКП «Детский сад-ясли № 3 «Балбөбек» отдела образования по г.Усть – Каменогорску управления образования ВКО

Аннотация: Статья посвящена проблеме экологического образования и воспитания детей – дошкольников, а также формирования у них начал экологического мышления. Предлагаются пути и средства экологического образования и воспитания дошкольников. Особое внимание обращается на игровую и проектную деятельность детей данного возраста, являющуюся наиболее эффективными для достижения педагогическими коллективами дошкольных образовательных учреждений формулируемых целей экологического образования и воспитания.

«Любовь к природе, как, впрочем, и всякая человеческая любовь, несомненно, закладывается в нас с детства».

Соколов – Микитов И.С.

Экологическое воспитание детей дошкольного возраста является одной из важнейших задач современного образования. В условиях ухудшения экологической обстановки в различных регионах особую значимость приобретает формирование у детей бережного отношения к природе, понимания взаимосвязи человека и окружающей среды.

Имея более чем двадцатилетний опыт работы в дошкольном образовательном учреждении, могу отметить, что именно в раннем возрасте закладываются основы экологической культуры личности. Поэтому педагог выступает не только источником знаний, но и организатором практической деятельности детей, направленной на решение доступных им экологических задач.

Актуальные региональные экологические проблемы.

Каждый регион имеет свои особенности экологической ситуации. Наиболее распространенными проблемами являются:

- загрязнение атмосферного воздуха промышленными выбросами и транспортом;
- накопление бытовых отходов;
- загрязнение водных объектов;
- сокращение зеленых насаждений;
- низкий уровень экологической культуры населения.

Данные проблемы напрямую или косвенно влияют на состояние здоровья людей, и качество их жизни, в том числе и детей. Поэтому работа воспитателя должна быть направлена на формирование у дошкольников экологически грамотного поведения.

Роль воспитателя в экологическом воспитании.

Воспитатель выступает примером ответственного отношения к природе. В своей практике я использую комплексный подход, включающий:

- познавательные беседы о природе родного края;
- наблюдения за сезонными изменениями;
- труд в природе (уход за растениями, участие в озеленении участка);
- экологические игры и проекты;
- взаимодействие с родителями.

Такая деятельность способствует развитию ответственности и инициативности.

Важно не только давать знания, но и формировать эмоционально – ценностное отношение ребенка к окружающему миру.

Практические формы работы.

